# Мерекелеріңізбен, аяулы арулар мен аналар!

8 НАУРЫЗ


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№17-18 (2525-2526) 06/03/2020 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz


Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

**Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ,**

ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ»:

**«СЕГОДНЯ МЫ ДОЛЖНЫ ОБЕСПЕЧИТЬ КОММЕРЧЕСКУЮ ЗАГРУЗКУ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИХ МОЩНОСТЕЙ. ВЫПОЛНЕНИЕ ПОСТАВЛЕННЫХ ЗАДАЧ НЕВОЗМОЖНО БЕЗ КОНЦЕНТРАЦИИ УСИЛИЙ И ПОДДЕРЖКИ ВСЕХ УЧАСТНИКОВ ТРАНСПОРТНОГО РЫНКА»**

ПЕРЕВОЗКИ

## ЦЕЛЬ – РОСТ ПОГРУЗКИ

**Погрузка на железнодорожном транспорте в феврале 2020 года выросла на 1,6%.**

В феврале 2020 года погрузка грузов по сети АО «НК «ҚТЖ» выросла на 1,6% выше показателя аналогичного периода прошлого года и составила 19,3 миллиона тонн. Эксплуатационный грузооборот за февраль составил 17,3 миллиарда тонно-километров нетто, что на 2,4% больше, чем в прошлом году.

Выросли перевозки черных металлов на 20%, цветной руды и серного сырья – на 12%, строительных грузов – на 23%, железных и марганцевых руд – на 6%.

Общая погрузка за январь – февраль составила 38,5 миллиона тонн.

Перевезено 17 миллионов тонн угля, 1,4 миллиона тонн зерна, 4 миллиона тонн железных и марганцевых руд, 3 миллиона тонн цветной руды и серного сырья, 2 миллиона тонн строительных грузов.

За 2 месяца эксплуатационный грузооборот составил 34,5 миллиарда тонно-километров нетто.

*Руслан РАХМЕТОВ*



## КРАСАВИЦЫ СТАЛЬНОЙ МАГИСТРАЛИ

***Около 30 тысяч женщин наравне с мужчинами трудятся сегодня в железнодорожной отрасли страны. В канун Международного женского дня во всех структурных подразделениях, филиалах АО «НК «Қазақстан темір жолы» тепло поздравили сотрудниц компании.***

*Председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Сауат Мынбаев, поздравляя железнодорожниц, подчеркнул, что в компании высоко ценят вклад женщин в развитие отрасли. Ведь даже самые высокие технические достижения в развитии железнодорожного транспорта никогда не заменят простой доброты человеческих глаз, участия и заботы женщин.*

*Женщины отвечают за безопасность движения, обеспечивают работу пассажирского комплекса, решают экономические и кадровые вопросы. На всех участках сложного и многообразного хозяйства железнодорожницы показывают пример истинного профессионализма и высокой ответственности. Многие отмечены государственными наградами, знаком «Почетный железнодорожник».*

*Около 2 500 женщин в АО «НК «Қазақстан темір жолы» трудятся на руководящих должностях. Более 28 тысяч железнодорожниц имеют большой стаж работы в отрасли. При этом около 1600 сотрудниц ҚТЖ являются многодетными матерями. Их способность совмещать сложную работу с семейными заботами вызывает восхищение. Успешно решая производственные задачи, они одновременно создают и сохраняют надежный и уютный домашний очаг, воспитывают детей, привносят в жизнь красоту и обаяние.*

*Женщины, занятые в разных сферах железнодорожного транспорта – в службе движения, локомотивного, путевого, вагонного хозяйств, на предприятиях пассажирского комплекса, вносят большой вклад в развитие транспортного сектора экономики.*

*Асель ШАЙХЫНОВА*

## *Қымбатты асыл жандар!*

*8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!*

*Біз сіздердің саланы дамытуға қосқан үлестеріңізді жоғары бағалаймыз.*

*Өйткені сіздер теміржол көлігі қызметінің әртүрлі саласында еңбек етудесіздер және күрделі өндірістік процестің барлық учаскелерінде өз міндеттеріңізді жақсы атқарудасыздар.*

*Компания жұмысының тиімділігі, қозғалыс қауіпсіздігі, жолаушыларымыздың пойыздар мен вокзалдарда өзін жайлы сезінуі, жүк тасымалының сапасы көбінесе сіздердің атқаратын жұмыстарыңызға байланысты.*

*Олай болса іске деген адалдықтың, жоғары жауапкершіліктің, шынайы кәсібиліктің үлгісін көрсетіп келесіздер.*

*Өздеріңіздің рухани қасиеттеріңізбен ұжымға жылылық пен мейірімділіктің атмосферасын сыйлайсыздар.*

*Бұл мереке өмірлеріңізді күн шуағы мен көктем деміне толтырып, жақын да қымбат адамдарыңыздың жылылығы мен көңіл-қошына бөлесін.*

*Сіздерге зор денсаулық, амандық, көтеріңкі көңіл-күй, бақыт тілеймін. Мерекелеріңізбен!*

***Сауат МЫҢБАЕВ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы***

БҮГІНГІ САН

**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫНДА**

**2 500**

**ӘЙЕЛ ТҮРЛІ БАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ**

МАРАПАТ

# СЫЙ-ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Айман, Айзат, Меруерт... атына заты сай, әдемі де сұлу бұл арулар теміржолдың кәсіби мамандары. Тегін емес, бір қасиетімен ерекшеленген жандар. Сондықтан мереке қарсаңында олар «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығының назарына ілігіп, елорда төрінде сый-құрметке бөленді.



**Райхан РАХМЕТОВА**

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмағамбетов пен Компанияның бас инженері-басқарушы директоры Батыр Котырев бастаған ер-азаматтар әйелдерді арнайы қабылдап, мерекелерімен құттықтады. «Ең сенімді, еңбекқор әйелдер – біздің теміржолшы әйелдер. Сондықтан сіздерге деген құрметіміз бен алғысымыз шексіз, аяулы жандар!» деді өз сөзінде Қ. Әлмағамбетов.

Биыл «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қорының мерекелік шарасына қатысуға еліміздің түкпір-түкпірінен 20 әйел шақырту алса, соның үшеуі теміржолшы. Олардың қай-қайсысы да қоғамның түрлі саласында ел дамуына елеулі үлес қосып жүрген жандар. Олар – былтыр пойызда жүкті әйелді босандырып алуға ықпал еткен «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалының бастығы Меруерт Қорабаева, 6 баланың анасы, Жаңақорған станциясы вокзал бастығының кезекші көмекшісі Айзат Ерназарова және Астана вагон пайдалану деposының вагон қараушысы Айман Жұмаділова.

Былтыр күзде пойызда жолаушы әйелді босандырып алған жолсеріктер басшысы, салада 14 жылдық тәжірибесі бар Меруерт Қорабаева жақында осы еңбегі үшін Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының «Жылы жүрек» аталымы бойынша марапатқа ие болған еді.

– Мен үшін 2019 жыл өте жемісті жыл болды. 23 қыркүйекте біздің пойызда жолаушы әйел босанды. Бұл сол жылдың ең жарқын оқиғасы болды. Медициналық білімім болмаса да бізді кез келген төтенше жағдайға дайын болуға үйретеді. Қызмет барысында біз көмектесеміз, емдейміз, үйретеміз, шұғыл жағдайларда құтқарамыз, тіпті адамның өміріне араша түсетін де сәт туындайды. Міне, бүгін тағы құрметке бөленіп, ең мықты қазақстандық қыз-келіншектермен бірге ЭКСПО көрмесін араладық, үлкен мейрамханада біз үшін мол, мерекелік дастархан жайылып жатыр, сондай-ақ қор басшысының қолынан марапат алдық», – дейді Меруерт Қорабаева жүзі жадырап.

Ал сонау Сыр елінен келген «Күміс алқа иегері» Айзат Ерназарова болса, бұл жолғы сапарына дән риза екенін бал-бұл жанған жүзінен байқау қиын емес. Ол ЭКСПО көрмесін алғаш рет тамашалапты. Вокзал шаруашылығында 16 жылдан бері еңбек етіп келеді. Жап-жас сұлу келіншектің алты баласының үлкені 26 жаста болса, кішісі 3 жарым жаста екен. Кім біледі, алып та, батыр да анадан туады деген, Айзаттың ұлдарының арасынан болашақта талай ел билеген азаматтар шықпасына кім кепіл?!

Үшінші кейіпкеріміз Айман Жұмаділова – нағыз теміржолдың өндірісінде шыңдалған маман. Болат жолда вагон қараушы әйелдерді кездестіру өте сирек жағдай. Ол өз өмірінің 27 жылын осы салаға арнапты. Әлі де тәжірибелі вагон қараушы ретіндегі жұмысын жалғастыруда. Әріптестері оны жауапкершілігі мол, бастамашыл, ұйымдастырушылық қабілеті зор маман ретінде жоғары бағалайды. Биыл қаңтар айында Айман еңбек ететін ауысым 90573 жүк вагонына, 67916 жолаушылар вагонына қызмет көрсетіпті. Тәжірибелі маман бүгінде шәкірт тәрбиелеуде де жетістіктен кенде емес.

«Самұрық Қазына» АҚ басқарма басшысымен кездесуде А.Есімов ел көшін өрге сүйрейтін нәзік жандардың орны отбасында да, қоғамда да бөлек екенін жеткізді.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

ЖАҢАЛЫҚТАР

## ОН ЖЫЛДА – ОН ЕКІ МЫҢ ҰСЫНЫС

**«ҚТЖ» ұлттық компаниясының инновациялар мен білімді басқару саласындағы саясаты идея генерациясын ынталандыру және қолайлы инновациялық орта қалыптастыру бойынша жүйелі шараларды жасауға бағытталып отыр.**

Компания қызметкерлері өндіріске инновацияны енгізу бойынша Компанияның негізгі қозғаушы күші болып табылады. Он жыл ішінде экономикалық тиімділігі 1,3 млрд теңгеден асатын 12 мыңнан астам рационализаторлық ұсыныс тіркелген. Ал 2019 жылы экономикалық тиімділігі 61 млн теңгені құрайтын 986 рационализаторлық ұсыныс өндіріске енгізіліпті. Осы ретте, компанияның жас қызметкерлерін инновациялық процеске тартуға «Менеджмент жобасы» байқауы зор мүмкіндік бергені айтылады. Сала қызметкерлерінің рационализаторлық қызметін одан әрі дамыту және қолдау алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

*Ислам ТАЛҒАТ*

## ЖАУАПКЕРШІЛІК – БАРШАҒА БІРДЕЙ

**Жуырда Қазығұрт станциясында теміржолшылар мен жергілікті тұрғындардың желілік полиция өкілдерімен кездесуі өтті. Тақырып сол баяғы жазыла-жазыла жауыр болған қауіпсіздік болды.**

Себебі, станцияның қызмет көрсету аумағында теміржолда адамды немесе малды қағып кетпеу салдарынан шұғыл тежеу фактілері жиі орын алатыны белгілі болып отыр. Сондықтан, теміржол көлігі нысандарында тиісті қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың тыныштығына әсер ететін құқық бұзушылықтардың алдын алу сөз болған жиында жолға шығып кеткен мал мен жан ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің баптары мен оларды бұзған жағдайда орын алатын жауапкершілік туралы түсіндірілді. Ал жауапкершілік теміржолшыға да, қарапайым тұрғындарға да бірдей екені айтылды.

Азаматтарға ұсақ бұзақылық, қоғамдық орындарға масаң күйінде келу, белгіленбеген орындарда темекі шегу сынды құқық бұзушылықтар үшін азаматтар қандай жазаға тартылады, егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Станция жұмысшылары өз кезегінде теміржол маңайына жақын тұратын тұрғындарға қаншама рет ескерту жасаса да адам басу, мал қағу фактілерінің тыйылмай отырғандығын тілге тиек етті. Осыған орай, Шымкент станциясы ЖПБ қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. Жиын барысында қызметке жаңа тағайындалған Қазығұрт станциясы ЖПБ-нің бастығы, полиция капитаны Д.Егембердиев таныстырылып, жаңа басшы болашақта бірге жұмыс жасауға дайын екенін білдірді.

*Жан ПЕРДЕБЕК, Шымкент*

## ТӨРТ АЙЛЫҚ АЯСЫНДА



**Қазалы вагон пайдалану деposы**

Ақпанның ақ түтек боранды күндері бөлімше бойынша тәулігіне өтетін 10 шақты жұп жүк пойызы мен 19 жұп жолаушы пойызының құрамдарынан бір емес, төрт жүк вагонының ақаулы екенін анықтап, жылжымалы құрамды апаттан аман алып қалған теміржолшылар: Қызылорда техникалық қызмет көрсету пунктінің вагон қараушылары Сейтмек Онбаев, Дархан Тажимов және Сексеуіл техникалық қызмет көрсету пунктінің вогоншылары Ербол Құлжанов, Жәнібек Әубакіровтердің ерен еңбегін қалай жарнамаласақ та жарасады.

Еске сала кетсек, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру және жүк вагондары арбашасының құйылмалы тетіктерінің сыну жағдайының алдын алу мақсатында, өткен жылдың желтоқсан айында «ҚТЖ» компаниясы Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры М.Шакеновтың №ЦУДБ/334-И нөмірлі пәрмені бойынша биылғы жылдың наурыз айының 23-не дейін «Бүйір рамаларын тексерудің» төрт айлығы жарияланған еді. Төрт айлық тексеруге жұмыла кіріскен аймақ вагон қараушыларының аяқ алысы жаман емес.Тәжірибелі вагон қараушы-жөндеуші Дархан Тажимов 5 ақпан күні Қызылорда станциясына келіп тоқтаған №2839 пойызды тексеріп, техникалық қызмет көрсету кезінде құрамның 18-вагонының 2-арбашасының 1291 таңбалы №47328 нөмірлі сол жақ бүйір рамасының ішкі бетінен 180 мм, сыртқы жағынан 270 мм көлемде жарықшақ анықтаған. Ал 20 ақпан күні №3473 пойызға техникалық қызмет көрсетіп жүрген Сейтмек Онбаев 2-арбаның оң жағындағы технологиялық шұқыр ішінің екі жерінен 5 және 10 мм көлемінде жарық анықтаған.

– Ақаулы вагон пойыз құрамынан ажыратылып, Қазалы вагон жөндеу деposынан дефектоскопиялық сараптамадан өткізіледі. Ақауды вагон қараушы тапқанымен оның ақаулылығын сараптама қорытындысы көрсетеді. Біздің вагоншылар міндеті – ақаулы вагонды анықтап, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына үлесін қосу, апаттың алдын алу. Қазір вагон қараушылардың өздерінің тарапынан жұмысқа жауапкершілікпен қарау күшейді, ақаулы вагонды тауып марапатқа кенелсек деген құлшыныс артқаны байқалады. Мұның өзі теміржолшыларды ынталандырып, жұмысқа жаңа серпін береді , – дейді Қызылорда ТҚКП басшысы Рүстем Ұзақбаев.

*Азамат ҚҰЛЫМБЕТ, Қызылорда*
*Суретті түсірген автор*

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

# ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ БОЛСА...

Апта сейсенбісінде Семей ЖТ бөлімшесінде «ҚТЖ-ҰК» АҚ қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің атқарушы директоры Марат Шәкеновтің төрағалығымен алқалы жиын болып өтті. Басқосуға бөлімшеге қарасты барлық мекемелер басшылары, сондай-ақ, өндірістік салада еңбек ететін қатардағы теміржолшылар да мол жиналды.




**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*

Сала қызметкерлері алдында сөз алған Марат Арапбекұлы Семей теміржолы бойынша орын алып отырған бірқатар мәселелер жайын да сөз етті. Осыған дейін Аягөз станциясында болып, жергілікті теміржолшылармен жиын өткізген лауазымды тұлға осы сапары барысында Жарма, Жаңғызтөбе, Жаңа-Семей станцияларындағы жұмыстарды да қадағалауға алып, бірқатар мәселелерді түйіп қайтқанын жеткізді. Соның ішінде бұл өңірлерде қардың қалың түсуіне орай теміржолшылардың қармен күрес шараларына да тоқталып өтті. Осыдан соң Марат Арапбекұлы ұлттық компания бойынша қолға алынып жатқан тың бағдарламалар, қызметтік сала бойынша соңғы көрсеткіштер, жаңашылдықтар жайында сөз қозғады, теміржол бойындағы шаруашылықтар бойынша жекелей тоқталып, талдау жасады.

Келесі кезекте сөз алған Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукежанов соңғы уақыттардағы орын алған жаңалықтар қатарына тоқталып, кең көлемде баяндама жасады. Соның ішінде қысқы мезгілдегі теміржол нысандары мен құрылымдарының күтімі, қармен күрес және көктемгі су тасқынына даярлық шаралары жайын да тілге тиек етті.

– Қазіргі көрсеткіш бойынша көктемгі қызылсуға даярлық 85 пайызды құрайды. Наурыздың 15-іне дейін әзірлік барысы тағы да жоғарылатылады. Қажетті материалдар келіп түсіп жатыр. Бөлімше аумағындағы суағарлар мен құбырлар, көпірлердің асты толықтай тазалануда. Қазіргі қолайлы ауа райында жұмыла жұмыс жүргізіп жатырмыз. Мұның барлығы көктемгі жұмыстарға ерте даярланудың да нәтижесі деп білеміз, – деді өз сөзінде Айдын Мақсұтбекұлы.

Сонымен қатар, Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша әлеуметтік тұрақтылық индексі жайына тоқталған бөлімше басшысы бұл бағыттағы қолға алынған жұмыстар ширатылып жатқанын атап өтті. Қазіргі таңда ұлттық компания тарапынан әлеуметтік салаға айрықша басымдық беріліп отырғанын да тілге тиек еткен Айдын Мақсұтбекұлы Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша көңіл бөлінуі тиіс шаралар қатарына да тоқталды.

Десек те, аталмыш жиынның өзегі Семей ЖТ бөлімшесіне жаңадан тағайындалған басшыны таныстыру болды. Ендігі аралықта ғасырдан аса тарихы бар Семей теміржолын аталмыш салада мол тәжірибесі бар білікті басшы Сиязбек Әлішев басқармақ. Теміржолшылар алдында сөз алған Сиязбек Әліпбайұлы «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген тәмсілді ауызға алып, алдағы уақытта тығыз ынтымақтастықта бірлесе жұмыс істейтіндігін, атқарылар іс аз емес екендігін, соның ішінде пойыз қозғалысының қауіпсіздігі мен жолаушы және жүк тасымалы барысында ғана емес, өндірістегі өнімділікті арттыру бойынша да қолға алынар жұмыстар жайында сөз етті. Бұл ретте алға қойылып отырған жоспарлар аясында бірқатар көрсеткіштерді жоғарылатуға күш салу қажет.

Сонымен қатар жиын барысында бүгінгі Семей теміржолы бойынша орын алып отырған қызмет барысы, ақаулықтардың алдын алу мәселелері жайында да ортақ талқылау өтіп, келелі сөз қозғалды.

*Суретті түсірген автор*

ТЕХНОЛОГИЯ

# БОЛАШАҚ – ДИАГНОСТИКАНЫ ДАМЫТУДА

Жол шаруашылығында диагностика блогын дамыту есебінен жолдағы ауытқушылықтар мен ақаулықтарды анықтау барысында адам факторын төмендету бойынша жұмыстар жалғасуда.



**Сұлугүл БАКЕСОВА**

Мәселен, өткен жылы «Цифрлы трансформация» бағдарламасы шеңберінде үш мобильді диагностикалық кешен пайдалануға берілген еді. Магистральдық желі дирекциясының мәліметінше, биыл бірінші тоқсанның соңына дейін тағы үш МДК енгізу жоспарда бар екен. Бұл кешендердің артықшылығы неде дейтін болсақ, олар рельстердегі ақауларды және жолдардағы ауытқушылықтарды уақытылы анықтауға, темір жолды кешенді диагностикадан өткізуге, соның ішінде жер төсемін, жолдың жоғарғы құрылысы элементтеріне видеофиксация жасауға, сондай-ақ, рельс табанының геометриялық жағдайына мониторинг жүргізуге арналған. Ел теміржолы мобильді диагностикалық кешендермен толық жабдықталғаннан кейін олар нақты бір телімдерге бекітіліп, айына екі рет инфрақұрылымдарға кешенді диагностика жүргізетін болады.

«Бүгінде біз МДК жұмысының нақты нәтижелері туралы айта аламыз. Айталық, өткен жылы МДК 94 мыңнан астам шақырым жолды жүріп өтіп, 350-ден астам айрықша ақаулы рельстерді анықтады, яғни рельстердің сынуына әкелетін 350 жерді анықтап, қауіп-қатердің алдын алды. Жаңа жетілдірілген және жаңғыртылған мобильді диагностикалық кешендерді пайдалануға енгізу штатты оңтайландыруды қарастырады. Бұл жоба шеңберінде үш жылда 580 штаттық бірлікті оңтайландыру жоспарланып отыр. Бүгінде дефектоскопиялық арба операторларының біразы оңтайландырылды. Қысқартылған мамандарды Компанияда сақтап қалып, оларды әрмен қарай жұмысқа орналастыру бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бірқатары қайта оқытылып, жұмысқа орналастырылса, енді бірі Ерте зейнетке шығу бағдарламасы шеңберінде зейнетке шығуда», – дейді бұл туралы Магистральдық желі дирекциясының басшысы Бауыржан Орынбасаров.

Нақты деректерге сүйенсек, осы МДК-ны пайдалану есебінен өткен жылдың қорытындысы бойынша 1,8 млрд теңгеден астам экономикалық тиімділікке қол жеткізілген. Бұл көрсеткіш көлемі биыл және келер жылы 3 млрд теңгеден асып түседі деп күтілуде.

Мобильді диагностикалық кешендерден бөлек магистральдық желіге табысты енгізіліп жатқан жобаның бірі ретінде түйіспесіз жолдардың жағдайын бағалау және бақылау жүйесін айтар едік. Ол бақылау қорытындылары негізінде өңделген нәтижелер базасымен түйіспесіз жолдардың істен шығу жағдайына болжам және мониторинг жүргізуге мүмкіндік бермек. Яғни, түйіспесіз жолдардың алдын ала істен шығу жағдайын анықтап, рельстік бекітпелер жағдайын, түйіспе саңылауларын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл атқарылған шаралар Магистральдық желі дирекциясы бойынша пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізіп, жалпы алғанда қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылық саны 17%-ке төмендеген.

*Суретті түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

ҚАУІПСІЗДІК

# КЕШЕНДІ ТЕКСЕРУ КЕСТЕГЕ САЙ

Қызылордалық ревизорлар аппараты жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыруды жетілдіру үшін белгіленген жұмыс жүйесімен кешенді тексерулер ұйымдастырып, кездескен олқылықтардың дер кезінде орнына келтірілуін қадағалап, кешенді тексерулер өткізуді дәстүрге айналдырған.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

Бұл жолы да кестеге сай теміржол нысандарына еріген қар суынан төнетін қауіптің алдын алу, көктемгі жауын-шашыннан сақтануды қадағалап, бөлімше бойынша Сексеуіл-Қоскөл, Сексеуіл-Шорнақ станциялары арасындағы телімдерде тексеру жүргізілді.



Бөлімшенің солтүстігіндегі Жосалы станциясына келген ревизорлық аппарат өкілдерімен бірге жолдардың жағдайын, нысандардағы электрмен жабдықтау, байланыс құрылғыларының жұмысын бақылап тексеру тобымен станциялық жолдарды, нысандарды аралап көрдік. Бөлімшенің жол шаруашылығы бойынша ревизоры Әмірхан Жүсіпбеков жол шебері Әділ Сартаев пен 6-разрядты жол жөндеуші Болатбек Шакиевті жанына ертіп, станциялық жолдардың әр метрін мұқият тексеріп, талап деңгейін анықтауда.

– Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша Сексеуіл-Қоскөл, Сексеуіл-Шорнақ телімдеріндегі локомотив, вагон, белгі беру, электрмен жабдықтау және жол шаруашылықтарында қозғалыс қауіпсіздігінің жай-күйін тексерудеміз. Қазіргі таңда ауа температурасының күрт жоғарылауына байланысты теміржол бойында қар суының жиналып қалуының алдын алу, теміржол төсемдерінің жағдайын сараптау, тоңның жібіп, жолдың ауытқуы секілді қолайсыздықтарды болдырмау үшін ревизорлық аппарат құрамы жол бойын түгел тексеруден өткізіп, бекеттердегі теміржолшыларға осы жағдайларды түсіндіріп келеміз. Табылған олқылықтарды дер кезінде тіркеп, оны жедел жою жұмыстары да қоса қабат жүріп жатыр. Әзірге аса қауіпті кемшілік анықталған жоқ. Бүгін Жосалы станциясын тәмамдап, әрі қарай келесі бекетке аттанамыз, – деді жол шаруашылығы ревизоры Әмірхан Жүсіпбеков.

*Суретті түсірген автор*

СЕРВИС

# РАЗВИТИЕ В НУЖНОМ НАПРАВЛЕНИИ

Председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Сауат Мынбаев посетил железнодорожный вокзал Нур-Султан-1. В ходе визита глава нацкомпании ознакомился с работой билетных касс, процессом подготовки подвижного состава в рейс и макетом санитарного узла для пассажирских вагонов старого типа.

**Руслан РАХМЕТОВ**

Руководителю компании продемонстрировали работу установленных в здании вокзала Нур-Султан-1 автоматов по продаже железнодорожных билетов. С их помощью пассажиры могут без очереди в кассу оформить билеты на международные и внутриреспубликанские поезда.

– Комиссионный сбор составляет всего 250 тенге. Но при этом в рамках одного лишь сбора можно приобрести до четырех билетов, – отметил представитель компании «Сервис проект.KZ» Нуркен Нурадинов.

Технология оформления электронных билетов внедрена АО «Пассажирские перевозки» в целях повышения качества сервисного обслуживания населения, развития электронных продаж, обеспечения прозрачности процесса оформления билетов. На сегодня автоматы установлены на вокзале Нур-Султан-1, планируется их размещение на других крупных вокзалах страны. Всего в собственности АО «Пассажирские перевозки» находится 26 единиц.

В настоящее время железнодорожные билеты можно оформить также с помощью более чем 30 тысяч автоматов самообслуживания под торговыми марками «КИВИ» и «Касса-24», а также 2 тысяч почтовых отделений и 14 сторонних сайтов.

Среди пассажиров набирает популярность новая услуга «Лист ожидания».

– Для оформления заявки за 7 суток до отправления поезда необходимо предоставить данные документа, удостоверяющего личность, номер мобильного телефона или адрес электронной почты. При добавлении дополнительных вагонов и возврате проездных документов другими пассажирами, билеты в первую очередь попадают в «Лист ожидания», при их невостребованности, они выходят в свободную продажу и становятся видны для касс, сайтов и остальных пассажиров. Очередь формируется на недискриминационном условии в автоматическом режиме, без человеческого фактора и не может быть изменена извне. К слову, выкупить билет необходимо в течение 2 часов с момента получения уведомления, – проинформировала начальник ОДБ «Северный» Айгуль Шахарова.



Напомним, проект «Адал қызмет» был запущен национальным перевозчиком в ноябре 2019 года. Цель проекта – оказание консультации и практической помощи населению. Данная акция проводится периодически на крупных вокзалах в период пиковых перевозок. С момента запуска проекта специалистами была оказана помощь свыше 2 тысячам пассажирам.

Также Сауат Мынбаев ознакомился с процессом подготовки подвижного состава в рейс. Как правило, данная работа проводится комплексно во время стоянки поезда в пункте формирования. Сначала все пассажирские вагоны национального перевозчика проходят процедуру наружной мойки, в которую входят обмывка кузова, мытье стекол, переходных площадок, поручней и ступенек с применением специализированных моющих средств. Затем проводится непосредственная уборка внутри состава, экипировка постельными принадлежностями и инвентарем.

– АО «Пассажирские перевозки» оснащает составы современным мягкосъемным инвентарем. Мягкие подушки из синтепона, водоотталкивающие матрасы и буквально стерильное постельное белье. Пассажиры теперь путешествуют в еще более комфортных условиях. Новые МСИ полностью соответствуют международным стандартам качества, – сказала директор регионального филиала по пассажирским перевозкам «Северный» АО «Пассажирские перевозки» Гульнар Конысбаева.

Руководителю ҚТЖ продемонстрировали макет одного из вариантов нового туалетного комплекса, предназначенного для установки в санитарном узле пассажирских вагонов старого типа.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

АКТУАЛЬНО



# ВРЕМЕННАЯ МЕРА

В морских портах Казахстана временно приостанавливается обслуживание судов, осуществляющих перевозку людей и автотранспортных средств с водителями из Азербайджана и Ирана. Временная мера связана с угрозой ввоза коронавируса.

**Айлин БАУРЖАН**

– Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан информирует о временном приостановлении с 5 марта текущего года обслуживания в портах Актау и Курык морских судов, прибывающих из Азербайджана и Ирана, – отметил пресс-секретарь Комитета транспорта МИИР РК Дархан Карибаев.– При этом суда, перевозящие другие грузы, продолжают обрабатываться, но с ограничением для их экипажей возможности схода на берег.

По словам вице-президента по эксплуатации АО «НК «Актауский международный морской торговый порт» Вячеслава Хартяна, порт работает в штатном режиме, в соответствии с постановлением главного санитарного врача в порту проводятся превентивные мероприятия, усилена работа санитарно-карантинной службы.

– В данный момент в порту под обработкой находится 9 судов, в том числе 2 танкера и 7 сухогрузов. В рейде в ожидании погрузки зерна находится 7 сухогрузов, – отметил Вячеслав Хартян.

Кроме того, санитарно-эпидемиологической службой ужесточен контроль за членами экипажей казахстанских судов, осуществляющих международные перевозки, при их смене в портах.

Информация о принимаемых мерах доведена до сведения морских администраций прикаспийских государств.

К слову, с начала года усилен санитарный контроль на пунктах пропуска государственной границы – осмотрено около миллиона человек. Взяты на мониторинг свыше 30 тысяч прибывших, на сегодняшний день большая часть уже отпущена в связи с истечением инкубационного периода, остаются под медицинским наблюдением 6474 человека.

*Фото автора*

БЕЗОПАСНОСТЬ

# ПЕРСОНАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

За первый месяц года в Книгу замечаний от машинистов Алматинского эксплуатационного локомотивного депо поступило 289 рапортов, против 353 аналогичного периода прошлого года, и хотя идет значительная тенденция уменьшения, радоваться пока преждевременно, именно так считают руководители депо.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
*Алматы*

Допущено 2 случая нарушений безопасности движения, и то по вине ремонтных предприятий, инцидент по вине ЛРД Аягоз и ЛРЗ Шу.

Локомотивными бригадами ТЧЭ-28 за январь 2020 года применено 86 экстренных торможений, против 70 случаев аналогичного периода прошлого года. По данным расшифровки за январь допущено 15 случаев нарушений, против 7 за этот период в 2019 году.

– В депо работа направлена на повышении персональной ответственности командно-инструкторского состава, акцент делается на безаварийной работе, организации труда и отдыха локомотивных бригад, на уровни технических знаний машинистов и помощников, их непрерывном повышении и практических навыках, – говорит начальник депо Мурат Оспанов

Руководящим составом депо осуществляется контроль над посещением технических занятий, качеством их проведения, проверкой знаний изученного материала. Ведется зачетно-консультационная система обучения локомотивных бригад согласно тематике проведенных занятий, а в конце квартала сдача зачетов по колоннам машинистов-инструкторов. Постоянно совершенствуется система технического обучения инженеров по расшифровке скоростемерных лент, дежурных по депо, машинистов-инструкторов. На технических занятиях детально прорабатываются допущенные случаи событий, инцидентов, срывов эксплуатационной работы с изучением необходимых мер по выходу из нестандартных ситуаций.



Немаловажная роль отводится психологу-диагносту депо, в частности рекомендаций по комплектации локомотивных бригад по принципу психологической совместимости на основе результатов психофизиологического и личностного обследования работников.

*Фото автора*

НОВОСТИ

## РАБОТА В РАДОСТЬ

**По оценкам экспертов, согласно результатам социологического исследования по итогам 2019 года индекс социальной стабильности в АО «НК «ҚТЖ» составил 71%, что на 6% выше показателя рейтинга 2018 года.**

Центр социального взаимодействия и коммуникаций АО «Самрук-Қазына» презентовал итоги исследования по группе компаний ҚТЖ за 2019 год. Эксперты отмечают, что компания уделяет повышенное внимание вопросам социального развития.

Социальный фон и настроение производственного персонала указывают на его позитивный настрой и конструктивный подход в решении возникающих проблем. Компания с 2015 года по индексу социальной стабильности находится на уровне «выше среднего» .

Напомним, Центр социального взаимодействия и коммуникаций создан в 2013 году. В его задачу входит проведение исследования индекса социальной стабильности в компаниях, которые входят в холдинг АО «Самрук-Қазына».

Ежегодное изучение позволяет получить реальную оценку удовлетворенности работников условиями труда, вовлеченности персонала, развития уровня коммуникаций в компании, основанную на мнении работников.

По результатам презентации работодателям предоставлены рекомендации, на основе которых будут проведены мероприятия по улучшению отдельных показателей.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

## НАРАЩИВАЕМ ОБОРОТЫ

**На 132% перевыполнили план по отгрузке продуктов перемола по итогам февраля в Костанайском отделении грузовых перевозок.**



При плане погрузки на месяц 1044 вагона (69,9 тысячи тонн) было фактически отгружено 1405 вагонов (91,5 тысячи тонн). В результате погружено выше плана 361 вагон (21,9 тысячи тонн). По сравнению с аналогичным периодом прошлого года погрузка продуктов перемола увеличилась на 30%.

Также в ушедшем месяце в Костанайском отделении ГП перевыполнили план по погрузке зерна – на 112%. При плане погрузки на месяц в 2903 вагона (188,5 тысячи тонн) фактически был погружен 3141 вагон (211,7 тысячи тонн). В результате выше плана было погружено 238 вагонов.

Всего же в целом за февраль в Костанайском отделении грузоперевозок было отгружено 32 716 вагонов различных грузов (2 миллиона 179,4 тысячи тонн). В среднем в сутки отгружалось 1128 вагонов.

– Уходящий месяц выдался неплохим, – говорит заместитель по логистике директора Костанайского отделения грузоперевозок Ерден Аманов. – Мы постепенно наращиваем объемы отгрузки. Уверены, в следующем месяце мы отгрузим еще большее число вагонов и грузов. Во всяком случае все наши производственные мощности к этому готовы.

*Аслан КУДАБАЕВ, Костанай*
*Фото автора*

## СИТУАЦИЯ ПОД КОНТРОЛЕМ

**По прогнозу синоптиков «Казгидромета» в Карагандинском регионе в текущем месяце ожидается повышение температурного режима, а также обильное выпадение осадков в виде дождя и снега.**

В связи с возникновением паводковой ситуации в городе руководством Карагандинского отделения магистральной сети направлены письма в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природоиспользования» в целях обеспечения бесперебойного и безопасного пропуска поездов.

Как отметил начальник отдела пути НЖС-4 Нуржан Калиев, в настоящее время осуществляется комиссионное обследование с представителями управления природных ресурсов, с территориальными представителями ЧС, местными органами водохранилищ и плотин, расположенных выше уровня железнодорожного полотна. Ко всему прочему, были отправлены письма руководителям АО «АрселорМиттал Темиртау» и ТОО «Оркен» о выделении на безвозмездной основе скального камня в количестве 10 платформ.

На сегодняшний день разработан план мероприятий по эвакуации с городскими службами гражданской защиты. Ими отрабатываются действия по дислокации, транспортировке и снабжению людей продуктами первой необходимости. К примеру, в поселке Сортировка в случае паводков людей эвакуируют в школу № 56. Кроме того, силами подрядной организации осуществляются работы по укреплению земляного вала, расположенного вдоль русла реки в районе Рабочего поселка. Всего в шахтерской столице насчитывается 623 ливнеприемника, 109 километров закрытой и 8,7 километра открытой ливневой канализации.

В Караганде противопаводковая ситуация находится под пристальным контролем всех уполномоченных органов и местных служб.

*Светлана МОГАЙ, Караганда*

## ГОТОВИМСЯ К ВЕСНЕ

**В Павлодарском отделении магистральной сети стартовала кампания по очистке искусственных сооружений ото льда и мусора. Во второй половине месяца запланированы буровзрывные работы.**

На смену снегоборьбе приходит водоборьба. В этом году весенняя пора для железнодорожников выдастся не совсем благоприятной. К тому же снега в павлодарском Прииртышье выпало немало. Сегодня по отделению насчитывается 35 особо опасных мест по пропуску ледохода и паводковых вод. Кроме того, имеются две плотины, находящиеся выше железнодорожного полотна на перегоне Шидерты – Бозшаколь и близ станции Уленты КП «Бозтал». В первых числах февраля сотрудники стальной магистрали совместно с ЧС и акиматами провели обследования этих объектов. С началом весны установлено наблюдение за поступлением воды на выемках, мостах и трубопроводах.

Согласно организационно-техническим мероприятиям по подготовке пути и искусственных сооружений к пропуску ледохода и паводковых вод, по отделению формируются два противоразмывочных поезда, в составе каждого из которых два крытых вагона для погрузки инструментов и спецодежды. На станцию Ерейментау выделен один крытый вагон и восемь платформ.

Сейчас уже начаты работы по очистке искусственных сооружений ото льда и мусора. Во второй декаде запланированы буровзрывные работы на 51 километре перегона Тургай – Селеты на реке Селеты. Этот производственный процесс доверили подрядной организации ТОО «БВР-Сервис 2030».

*Айдана ЕРТАЙ, Павлодар*

# МАҢҒЫСТАУДЫҢ МАЙГҮЛІ




Маңғыстау темір жолының №6 бекеті – көпшілікке бесалты үйлі шағын ғана елеусіз бекет. Бірақ тек Майгүл үшін емес. Талай жыл бұрын Атыраудың асқақ аруын маңғаз Маңғыстаудың мерейлі келіндерінің қатарына қосқан махаббат бекеті бұл… Онда Майгүлдің ең қымбат та қастерлі жылдары сайрап жатыр…

Міне, екі жылға жақындады. Жан жарын жоғалтқалы оның бұл бекет оңаша ойға шомып, қиялымен сол жылдарға саяхат жасайтын сүйікті орнына айналды. Қызығы мол жастық шағын сағынғанда, арқасүйер азаматын еске алғанда осы бекетке келіп жұбаныш табады.

– Туған жерім Атыраудағы мектеп бітірген соң Гурьев теміржол техникумына оқуға түстім. Оны 1991 жылы бітіріп, жолдамамен түбек теміржолының №6 бекетіне кезекші болып келдім. Содан сол жерде тапжылмай 28 жыл бойы еңбек етіппін. Ол кезде жаспын. Шабаданымды жинап алып жетіп келгем ғой. Өмірлік тәжірибе аз. Жұмысты да онша біле бермейсің. Сол кездегі бекет бастығы Ерлан Нұрмолдинге алғысым шексіз. Маман болып қалыптасуыма көп көмегі тиді, мені туған қызындай тәрбиеледі десем болады, – деп еске алады бүгінде №2 бекет кезекшісі Майгүл Тауманова.

Маңғыстауға жұмысқа келіп, осында мәңгілікке тұрақтап қалған Майгүл өз махаббатын да осы жерден табады. Үстірт бекетіндегі теміржолшылар отбасының ақ босағасын аттайды.

– Жолдасым Тоғай Тіленбаевпен осы бекетте таныстық. Мен 1991 жылдың мамыр айында келсем, ол менен бір ай бұрын Ақтөбеден оқуын бітіріп келіп жұмысқа тұрыпты. Маған жұмыстан Сай-Өтес станциясынан баспана берілген-ді. Ол да сол станцияда тұратын. Екеуміздің қатынайтын бағытымыз бір, жұмыс орнымыз бір болды. Сөйте келе жұмыстағы таныстық сыйластық пен сезімге ұласып, үш жылдан соң отау тіктік. Қайынжұртымның барлығы теміржолшылар болғасын ба, бұл әулетке сіңіп кету қиынға соқпады. Қайын атам Балтабай Тіленбаев жолшы, қайын ағаларым Жидебай мен Ноғайдың бірі Үстіртте жолшы, екіншісі – Опорный бекетінде СЦБ механигі. Қайын апаларым Сұлу мен Алтынай, Күмісай вагон қараушы, тауар кассирлері болды. Күйеуім вагон қараушы болатын. Екеуміз бірге қол ұстасып 28 жыл бойына №6 бекетке бірге қатынадық. Балаларымның әкесінен айрылғаннан кейін ғана мен ол бекеттен кетіп, №2 бекетке ауыстым, – дейді ғұмырының артта қалған парақтарын сағынышпен еске алған Майгүл мұңданып.

Жан жары Тоғай Тіленбаев 2018 жылы о дүниелік болыпты. Екеуінің екі ұл, бір қызы бар. Тұңғыштары Құндыз қазір медициналық академияның жетінші курсында оқыса, ұлдары аудандық әкімдікте жұмыста. Кенжелері лицейде оқиды. Өткен жылы ұлдары Нұрдаулетті үйлендіріп, шаңырағына келін түсіріпті.

Майгүл апа теміржолдағы темірдей тәртіптің оң нәтижесін сөз етті.

– Жалпы, бұл салада қиындық та, жетістік те қатар жүреді. Солардың бәрінен өткен адам ғана нағыз теміржолшы болып шығады. Қазір қарасам, өз тәжірибемде түрлі жағдайларды бастан өткеріппін. 2015 жылы теміржолда жолаушылар пойызының алдына жүк көлігі шығып кетіп, оқыс оқиға орын алғанда кезекшілікте тұрғанмын. Сондайда нәзікжанды әйел адамға көз алдында болған жағдай қатты әсер етеді екен. Бірақ абдырап, саспай әрі қарай не істеп, қайда, кімге хабар беріп, қандай әрекет ету керек, қысқасы, теміржолшыдан талап етілетін нәрсенің бәрін нұсқауға сәйкес орындап шықтым, – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде талай жасты бекет кезекшісі жұмысына үйретіп, шәкірт тәрбиелейтін деңгейге жеткен Майгүл енді ғана елуге толды. Денсаулығы жарап тұрса әлі де талай жыл таңдаған кәсібін тастамасы анық.

**Шахида Жұман,** *Маңғыстау*
*Суретті түсірген автор*

Теміржолдың жол шаруашылығына қарайтын өткел кезекшілерінің арасында әйел адамдардың жиі кездесуі кездейсоқтық емес. Өйткені станцияға келіп-кететін пойыздардың автомобильдермен түйісетін өткелдерінде жұмыс істеу асқан мұқияттылық пен жауапкершілікті талап етеді. Ал әйел жүрген жерде ұқыптылық пен тәртіп бар екенін ешкім де жоққа шығара алмайды.



# ӨТКЕЛ КҮЗЕТКЕН АНА

**Райхан РАХМЕТОВА**

Ірілендірілген Астана жол дистанциясының өткел кезекшісі Тілеулес Каженованың теміржолдағы жалпы еңбек өтілі – 37 жыл. Соның 20 жылында ол ерлермен қатар жол монтері болып еңбек етіп, ауыр жұмыстарды атқарған. Тек 2005 жылы жол шаруашылығында әйелдерді ауыр жұмыстардан шығару туралы бұйрық шыққаннан кейін ол дистанцияға қарасты өткелдердің біріне кезекші болып ауысты.

– Ол кезде жол шаруашылығында әйелдер аз болмады. Шпал көтердік, рельс аудардық. Ерлер не істеді, соның бәрін жасадық. Әйелміз деп қарап тұрмадық. Қазір оңай, техниканың түр-түрі бар. Ол кезде бәрі қолмен атқарылатын. Ал өткел кезекшісі – өте жауапты жұмыс. Әйелдер өткелде істесе, қашан да тәртіп болады. Тазалық та сақталады, қауіпсіздік ережелері бұзылмайды, – дейді Тілеулес Ахметжанқызы.

Дистанцияның станция бойынша 4 күзетілмелі өткелі бар. Соның бірі осы Тілеулес апай жұмыс істейтін, тек жүк пойыздары өтетін өткел. Бұл өткелде ол жалғыз әйел. Ауысымдық жұмыста ол күндіз де, түнде де кезекшілік ете береді. Кезекшілердің шағын қосынында бір ауысымдағы жұмыс уақытын өткізу үшін керектінің бәрі бар. Олар осы қосында отырып бір ауысымда орташа есеппен 30-40 пойыз үшін шлагбаум түсіреді.

Өткел кезекшісінің жұмыс күні алдыңғы кезекшінің жұмысын қабылдап алудан басталады. Бірінші кезекте өткел айналасының тазалығы мен бөгде заттардан таза болуын, құрал-жабдықтардың дұрыстығын, сигнализацияның жұмысын, жұмыс журналы мен жеделхаттарды жарты сағаттың ішінде егжей-тегжейлі қарап алады. Сосын барып алдыңғы ауысым кезекшісі үйіне кетеді. Одан әрі күні бойғы немесе түндегі жұмысы ЭЦ-2 постынан пойыздардың келе жатқанынан белгі берілген кезде шлагбаум түсіру, өткел айналасында бөгде адамдар мен заттардың болмауын қадағалау, әрбір құрылғының үздіксіз жұмыс істеп тұруын бақылап отырумен жалғаса береді. Кезекшілер үшін ең қиыны – шлагбаумның түсіп тұрғанына қарамастан автомобиль жүргізушілерінің ереже бұзып, өткелден өтіп кететіндігі еді. Қазір «Сергек» камерасы орнатылғалы ондай бұзушылықтар азайыпты.

Тілеулес Ахметжанқызы 1963 жылы Целиноград қаласында туған, қазіргі Дәулет аялдамасы артындағы жер үйлердің бірінде теміржолшы отбасында дүниеге келіпті. Әкесі Ахметжан теміржолда өмір бойы ревизор болыпты. Теміржол училищесіне түсіп тауар кассирі мамандығын алса да жолшы болып жұмыс істеген. Жолдасы да осы дистанцияның Қыркыншы станциясында жолшы екен. Бүгінде бір қыз, бір ұлды өсіріп жеткізіп, қыздан жиен немере сүйіп отырған ата-әже. Саналы ғұмырын жол шаруашылығына арнаған теміржолшылар отбасына ұлттық компания 2013 жылы «Саранда» тұрғын үй кешенінен пәтер беріпті.

Теміржолшылар үшін күннің бәрі бірдей. Мереке ме, жаңа жыл ма, оларға еш әсері жоқ. Жұмыстың аты – жұмыс. Міне, Тілеулес Ахметжанқызы да биылғы 8 наурызды жұмыс орнында өткізгелі отыр екен. Кесте солай келсе, оған ешкімнің дауы жоқ дейді. «Тілегім – зейнет жасына абыроймен аттанғым келеді. Сондықтан, әр ауысымда тыныштық болып, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуын тілеймін» дейді өткел күзеткен ана.

*Суретті түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

# ЖЫЛУ МЕН МЕЙІРІМ ҚАЖЕТ

Экономиканың дамуында салада болмасын өндіріс күші мен жұмыс күші алға басу үшін қатаң тәртіп пен бұлжымас ереже қажет. Бірақ, мына қоршаған әлемде жылу мен мейірім болмаса бәрі бекер. Кейіпкеріміз Шолпан Орманова осылай дейді.



**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Шымкент*

Шолпанның теміржол саласында еңбек етіп келе жатқанына 30 жылдан асқан. Станция кезекшісі, парк кезекшісі, т.б. сатылардан өткен ол он жылдан бері Шымкент станциясындағы басқару орталығында (МЭЦ) оператор болып жұмыс істейді. 1988 жылы Алматы теміржол институтының қозғалыс қауіпсіздігін басқару факультетін бітіріп, жолдамамен Шымкент қаласына келгелі салаға өз үлесін қосып келе жатқан ол бүгінде тәжірибелі мамандар қатарында.

«Жол қозғалысын басқару, қауіптің алдын алып отыру, қалаға станцияға келіп-кетіп жатқан әрбір құрамның қауіпсіздігін бақылап отыру – басты міндетіміз. Дөңесте жұмыс өте жауапты да қауіпті, тәртіп қатаң, маневр диспетчерлерінің нұсқауымен жұмыс істейміз», – дейді Шолпан Садыққызы.

Операторлардың жұмыс кестесі 12 сағаттан тұрады. Темір жолдағы әрбір бұрма бағыттамаларды қай жолға қалай бағыттау керек, арнайы таблоның пультімен басқарылады. Қозғалыстың күретамырына 4 әйел кезек-кезек ауысыммен жауап беріп отырады.

Шолпан Садыққызының айтуынша, Шымкент станциясы маневр ауданына жатады және қала бойынша 5 аудан бар. Соның ішінде ең бірінші маневр ауданы осы Шымкент станциясында орналасқан.

Жалпы, теміржол әйелдің орны ма деген сауалыма Шолпан Садыққызы ойланып жауап берді. «Біз оқуға түскен жылдары солай болды ма әлде сәйкестік пе, жігіттердің дені әскерге кетті де, теміржолдың оқуына қыздар көбірек түсті. Жалпы, қай жерде де әйел адам көп болса, артықтық етпейді деп ойлаймын. Неге десеңіз, әйел жүрген жерде тәртіп, тазалық, тәрбие болады. Әрбір қыз бала отбасында тәрбиелі болып өссе, ол оның жұмысында да көрініс табады. Мен теміржолда тек қана еркектер жұмыс істесін дегенмен келісе алмаймын. Еркектер де, әйелдер де, оның ішінде қыз бала да саланы түсінсе, алып кете алса, неге істемеске? Мысалы, бізде пультпен басқару үшін бас пен жылдам шешім қабылдайтын ұтқырлық керек. Ал қара жұмыс, әрине, әйелдерге ауыр», – деді Ш.Орманова.

Шолпан ханым қандай іс бастасаң да беріліп істесең шыңына жетесің, ол жұмысты азсынбауың да, көпсінбеуің де керек, сонда ғана жемісін көресің деген ойда. Сондай-ақ жастарды жұмысқа аларда психологиялық тұрғыдан да дайындау қажет деп есептейді. Себебі, жаңадан келген маман сол жұмысты түсінді ме, түсінбеді ме, соны да үйретуі маңызды. Өйткені, теміржол баяу қимылды емес, тез-тез қимылдап, шешім қабылдауды қажет ететін сала.

Отбасында жолдасы Нұрлан екеуі екі ұл өсіріп отырған аяулы ана еңбектегі табысы үшін 2017 жылы Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі филиалы директоры Ермек Ермановтың қолынан Құрмет грамотасын алды.

*Суретті түсірген автор*



# СҰЛУЛЫҚҚА ҚҰШТАР ЖАН

Дегелең-Семей телімінің 215,2 шақырымында орын тепкен Известковый жол айрығының ашылғанына алдағы жылы 20 жыл толады. Өркениеттен жырақ жатқан шалғайдағы шағын станция жері сортаң, шөлейтті аймақта орналасса да жергілікті теміржолшылар оны жасыл желек, бау-бақшаға айналдырған.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*

Құла түздегі шағын мекеннің байырғы тұрғыны Гүлнар Қайсақызын жергілікті теміржолшылар «сушы апай» дейді. Осындағы «Теміржолсу» АҚ мекемесінің су модулінің операторы әріптестерінің айтуынша, «қолы алтын» адам. Аталмыш модуль ашылғаннан бастап, тізгінді қолына алған Гүлнар Қайсақызы жол айрығындағы бекетті жасыл желекке айналдырыпты.

– Сонау 2001 жылы осында көшіп келгенде құла түздегі қаңыраған екі-үш үйді, аңызақ желі бар тақыр атырапты көргенде «мұнда өмір сүру мүмкін емес шығар» деп ойлаған едім. Күйеуім ПЧ-39 мекемесінің телімдік жол бригадирі болып істейтіндіктен жұмыс бабымен келген едік. Көп ұзамай «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы бастамасымен жолға қойылған теміржолдың «Мөлдір бұлақ» бағдарламасы арқылы ауызсуға кенелу бақыты бұйырды. Маған да жұмыс табылды. Осылайша, жол айрығынан ашылған су модулі өмірімізді күрт өзгертті, – дейді сушы апай Гүлнар Қайсақызы.

Осы модуль – «Теміржолсу» мекемесінің Семей жүк тасымалы бөлімшесі бойынша орнатқан бірегей нысаны. Жеті бірдей арнайы сүзгісі бар модульде химиялық және бактериологиялық тұрғыдан тазартатын құрылғы бар. Жерасты суының құрамында тұздар, ауыр металдар мен әк көп екен. Ағзаға зиянды бұл заттар арнайы колбада сүзіліп, жұмсартылады. Рас, сыйымдылық шақталған. Тәулігіне 300 литр ғана ауыз су тазартылады. Алайда, осының өзі берекелі болды, станция теміржолшылары үшін молынан жетеді.

– Алғашқы жылдары ауыз суды 22 км жердегі Дегелең станциясынан тасымалдап ішуге мәжбүр едік. Оған қыс мезгілінде мүмкіндік бола бермейтін. Енді, міне, қолымыз ұзарды. Жастар да келіп, қызметке тартыла бастады. Бәрінен де теміржолшылардың қамын ойлаған, әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз еткен ұлттық компания басшылығына алғысымыз зор, – дейді Гүлнар апай.

Теміржолшылар шағын жолайрықтың маңына тал көшеттерін отырғызып, өз күштерімен көгалдандырған болатын. Сонау Семейден қайың мен емен ағаштарының жас өскіндерін әкелген. Көз арбайтын әдемі гүлдер отырғызып, аумақты абаттандырған. Бұл жұмыстар – «су мен жасыл желек – егіз ұғым» деп санайтын Гүлнар Қайсақызының жұмыстан бос уақыттағы хоббиі. Алғашында топырағы құнарсыз атырапқа тал өсетініне күмәнмен қарағандар да болыпты. Әйтсе де, сушы апай жұбайы, ұлты неміс жол бригадирі Виктор Романович Рихтердің кеңесімен теміржолшылардың да шөлейтті аймақта бау-бақшаның бағбаны бола алатынын дәлелдеді. Қазіргі күні оның бақшасында жерсіндірілген алма мен алмұрттың, өріктің суыққа төзімді, қысқы сұрыптары өсіріледі. Бұл ретте, жеміс-жидекті қысқа сақтауды да жұбайынан үйренгенін жасырмайды.

Қорыта айтсақ, желі бойындағы шағын жол айрығы «Мөлдір бұлақ» атты мемлекеттік бағдарламаның нәтижесінде, сушы Гүлнар апайдың қажыр-қайратының арқасында көз қызығар жерұйық мекенге айналды.

*Суретті түсірген автор*

# ӘЙЕЛ БАСҚАРАТЫН БЕКЕТ

Шығыстан батысқа, батыстан шығысқа иен даланы доңғалақ әуеніне бөлеп, зуылдап өтіп жататын пойыздар легі бір толастамайтын шойынжолдың бойында жатқан Диірментөбе бекетін басқаратын Меруертгүл Бержанова, міне, осы жерде отыз бірінші көктемін қарсы алғалы отыр…



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Диірментөбе*

Тапжылмай бір бекетте отыз бір жыл жұмыс жасау, оның ішінде бөлімшедегі жалғыз әйел басшы болу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Жұмысқа деген жауапкершілік және еңбекқорлықпен қоса әйел адамға тән шыдамдылық, жігерлілік, аналық мейірім – бәрі бір өзінің бойынан табылған кейіпкерімізді көрген жан оның бір бекетте тапжылмай жұмыс жасауының сырын ұғынар еді. Ол – теміржолға деген махаббат, теміржолшы кәсібіне адалдық.

1961 жылы Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының электромонтері Қалабайдың отбасында дүниеге келген Меруертгүл есейе келе ата-анасының жолын жалғастырып, теміржолшы кәсібін таңдауы таңданарлық жайт емес, он баланың үшеуі әке жолын жалғаған. Меруертгүл 1979 жылы Қазалыдағы теміржол училищесінде қозғалыс тасымалын ұйымдастырушы мамандығын алып, 1980-82 жылдар арасында Ақтөбе облысының Просторная станциясында тәжірибе жетілдіреді. Жастайынан теміржолшылардың тіршілігіне қанық кейіпкерімізге екі жылдық өндірістік практика ауыр соқпаса керек. Теміржол саласындағы жауапкершілікті, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау деген заңдылықты өзі теміржолшы болғанда жете түсініп қана қоймай, осы заңдылыққа бойсұнып әрі оны өмірлік ұстанымы ретінде қабылдаған осы жылдар оны көп нәрсеге үйретті. Екі жылдан соң Қызылордаға қайта оралып, Елшібай бекетіне станция кезекшісі болып жұмысқа орналасады.

– Ал 1989 жылы Елшібай бекетінің жабылуына байланысты жолдасым екеуміз жас маман ретінде осы Диірментөбе станциясына келдік. Басшылық барлық жағдайымызды жасады. Жолдасым Қартбай Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының осы станциядағы механигі әрі бекет басшылығы қызметін кіріктірілген тәсілмен қоса атқарды. Екеуміз де осы теміржолдың «отымен кіріп, күлімен шығып», аз жылда нағыз теміржолшы болдық, өз кәсібімізді құрмет тұттық, теміржолға адал қызмет етсең қайтарымы болатынын ұқтық. Одан жаман болған жоқпыз, теміржол біздің өміріміздің мәніне айналды, – деді станция бастығы Меруертгүл Бержанова.

Аса қауіпті аймақ саналатын теміржол саласында әйел затының жұмыс жасауы оның тәуліктің әр сағатын тиімді пайдалануға жетелейді. Отбасының тіршілігі мен бекетте жұмысын қатар үйлестіру Меруертке оңайға түспеді. Ондайда Қожамжаров Кемал, Жайлаубай аға мен Жолдыбай Сыздықовтар секілді тәлімгер-ұстаздарының көмегі мен тәжірибесі көп болды. Теміржолшыға тән «командный голос» иесі болуды, яғни айтар ойыңды екі-үш ауыз сөзбен жеткізе білу, атқаратын жұмысыңды қысқа да нұсқа баяндауға тәрбиелеген де осы ұстаздары. Кейін өзі де осыған үйренгені сонша, кейде радиобайланысқа шыққан, телефонмен хабарласқан хабар жеткізушінің не айтқанын, нені ұғындырғысы келгенін ажырата алмай, «пәлен құрамнан түгенше вагон ажыратылады» деген екі ауыз сөзді ежіктеп әрең түсіндіретін жас мамандарға ескерту жасап, сөзін түзететін болды.

Жолдасы өмірден өткеннен кейінгі жесірлік қамытын арқалаған ауыр жылдары қолдап қамқорлық танытқан да теміржол әріптестері болғанын ұмытпайды. Бүгінде есейіп әке жолын жалғастырған Амандәулет, Жалғасбек, Айкерім және осы станцияда бекет кезекшісі болып жанымда жұмыс жасайтын Нұржанды жетілдіріп, қатарға қосуда да олардың еңбегі ерен. Қысқасы, Меруертгүлдің түсінуінше, теміржол – үлкен өмір мектебі де, ондағы адамдар бір отбасы.

*Суретті түсірген автор*

Магаш Узакова – председатель профсоюзного комитета Алматинского отделения магистральной сети – умеет сплотить коллектив, хотя струну доверия найти совсем непросто, но ей это вполне удается.

## ЧУТКОЕ СЕРДЦЕ



В 2003 году Магаш пришла работать переводчиком в Алматинское отделение магистральной сети. Участвовала в конкурсах «Лучший переводчик», награждалась почетными грамотами и дипломами, а ее кабинет оценивался, как лучший в плане эстетического и тематического оформления. Имея от природы хорошие организаторские данные, умение работать в команде, Магаш в 2006 году избрана председателем проф-союзного комитета Алматинского отделения магистральной сети. Говоря об имидже профсоюзного работника Узаковой, хочется подчеркнуть ее компетентность, мотивационную готовность, ответственность и результативность в работе. Она как никто другой знает наизусть всех своих работников и даже членов их семей, вникает в их проблемы и с удовольствием всегда идет навстречу людям. 70% своего рабочего времени Магаш Макановна проводит на линейных подразделениях.

Безусловно, работа в профкоме хлопотная, но необходима людям, потому что, в какой бы общественно-экономической формации мы ни жили, везде существует проблема защиты прав и интересов человека труда.

– Меня с самого детства учили помогать старшим, защищать слабых, ведь безнравственностью не достигнешь большего, чем правдой, – говорит Магаш.

Она добрым словом вспоминает своих наставников Тазыла Тасыбаева, Куванчала Естемисова, Тныштыка Темирбаева, Тлеужана Омарова, которые помогли девушке раскрыться в профессии.

Завоевание доверия строится на искусстве общения. Профсоюзный лидер хорошо находит общий язык с работниками, ветеранами. Самое непосредственное участие принимает в развитии социальной сферы – это и культурно-массовая работа, и спортивные мероприятия, и оздоровление трудящихся и их семей.

А еще ее вполне можно назвать художественной и романтической натурой. В ее рабочем кабинете уютно и светло. Ярких красок в деловой интерьер добавляют цветы. Маленький офис буквально заполнен ими – прекрасными, нежными обитателями.

– Я очень люблю цветы и заметила удивительное свойство, они, словно люди, всегда реагируют на мое настроение. Бывает так на душе скверно – смотришь, и цветы поникли, будто понимают, что мне не по себе, но я люблю все красивое и свою дочь приучаю к красоте, – делится Магаш.

Магаш Макановна неоднократно награждалась благодарственными письмами и почетными грамотами от руководства, юбилейными медалями, имеет знак «Үздік маман».

Глядя на нее, не подумаешь, что в жизни этого человека есть место серым и монотонным будням. Она всегда жизнерадостна и поэтична, ее манера общения находит живой отклик в каждом человеке.

*Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы*
*Фото автора*

## ПРОФЕССИОНАЛ НА ВЕС ЗОЛОТА

Как бы стремительно ни развивались технологии, в обеспечении безопасности движения поездов по-прежнему ничто не заменит опытного взгляда осмотрщика. Надежда Васильева яркий представитель этой «не женской» профессии. Без малого 25 лет она трудится на стальной магистрали, и большую часть из них – в должности старшего осмотрщика-ремонтника вагонов контрольного пункта станции Сары-Оба.



Женщин в этой профессии можно пересчитать по пальцам – и каждая из них на вес золота. Наравне с коллегами-мужчинами они в любую погоду, днем и ночью несут службу на ответственном посту, выявляя неисправности кузова и ходовой части вагона, тормозного оборудования и других его важных узлов.

В подчинении Надежды Васильевой – трое осмотрщиков-мужчин. Благодаря своему опыту, знаниям, добросовестному отношению к обязанностям она пользуется у них большим уважением. Надежда Николаевна может ответить на любой практический вопрос и подсказать, как исправить неполадку. Ведь она не понаслышке знает устройство всех типов вагонов, нормы износа деталей, обладает тонким слухом и цепким взглядом.

– Я осталась тем же осмотрщиком, только с большей ответственностью, – скромно отмечает она. – У нас слаженный коллектив, работаем вместе уже давно, поэтому никаких споров не возникает.

Глядя на женственную и статную Надежду Николаевну, сложно представить ее в форменной спецовке, ловко орудующей инструментами под вагонами. Но именно так проходят ее рабочие смены на протяжении уже многих лет, и она без доли сомнения называет профессию делом своей жизни. А ведь в юности Надежда и помыслить не могла, что нити судьбы выведут ее на железную дорогу. Она росла в небольшом поселке в Оренбургской области, вдали от ближайшей станции и шума проходивших там поездов. После школы отучилась на швею-закройщика и по распределению попала в Целиноград, устроилась в ателье. Важным звеном в цепочке последовавших событий стала встреча с будущим супругом Владимиром. Он работал машинистом АГВ на станции Сары-Оба и много рассказывал о нюансах работы в отрасли. Семья поселилась на станции, где Надежда Николаевна продолжала работать в ателье. А потом свои коррективы внес кризис середины 90-х. Ателье закрылось, и Надежде Васильевой пришлось искать новую работу. Тогда-то она и пришла на стальную магистраль. Свой путь на станции Сары-Оба она начала в 1995 году с должности слесаря подвижного состава. Этот труд требует выносливости и хорошей физической подготовки. Надежда Николаевна признается, что поначалу ей было очень сложно, но через страх, слезы, преодоление она совершенствовала свои навыки. Через три месяца старательную железнодорожницу отправили на обучение, а потом перевели на должность осмотрщика.

Чтобы грамотно подходить к работе и соответствовать своей должности, Надежда Васильева окончила в Казахский университет путей сообщения по специальности «вагоны». В 2002 году она стала старшим осмотрщиком-ремонтником вагонов 5-го разряда на контрольном пункте станции Сары-Оба и трудится в этой должности вот уже 18 лет.

– Работа – это прежде всего практика. Я благодарна своим первым наставникам, которые сейчас уже на заслуженном отдыхе. До сих пор со многими из них созваниваемся, бывает, спрашиваю совета, – говорит наша героиня.

Сегодня Надежда Васильева и сама стала наставником для целой плеяды осмотрщиков.

– Наш труд тяжелый и связан с высокими рисками. Он требует большого профессионализма и ответственности. Неисправность порой можно заметить не только глазами или на слух, но и почувствовать по запаху. Каждый день мы проходим, простукивая колеса молотком, большие расстояния. В любую погоду и время суток мы должны помнить, что от нас зависит безопасность движения поездов и жизни людей, – отметила железнодорожница.

При таком сложном графике важно иметь дома надежный тыл. И он у нашей героини есть: вместе с супругом, стаж которого на стальной магистрали достиг 38 лет, они воспитали двоих сыновей, а те, в свою очередь, подарили им двух чудесных внучек.

– Я реализовалась в профессии и семье и могу назвать себя счастливым человеком!

*Любовь РОВБА*
*Фото Александра ЖАБЧУКА*



## ЖЕНЩИНЫ МОГУТ МНОГОЕ

Аяужан Сейдасанова вот уже более 20 лет работает диспетчером в Экибастузской дистанции пути. Она родилась в семье железнодорожников, ее дочь тоже планирует пойти по стопам любимой мамы. В преддверии самого прекрасного весеннего праздника – 8 Марта – женщина рассказала нам о своей работе.

Как и все молодые люди, после окончания школы Аяужан Сейдасановой пришлось принимать первое в жизни серьезное решение: какую профессию выбрать. Она решила поступить на товароведа, но спустя год пришло осознание того, что эта сфера ей чужда. В 19 лет женщина пришла в ПЧ-30, где начала трудиться секретарем. Через полгода хотела уйти, но все решил случай. Она по работе познакомилась с диспетчерами, какое-то время наблюдала за ними и позже поняла, что хочет обучиться этой профессии.

– Я получила заочное образование в павлодарском техникуме по специальности техника-путейца, после прошла стажировку. И вот уже 26 лет и семь месяцев на стальной магистрали, – с улыбкой рассказывает наша героиня. – Работа диспетчера пути заключается в оперативной части своевременной передачи информации по обеспечению безопасности движения поездов. Кроме того, ведем контроль путевых бригад и машин. Это большая ответственность, обслуживаемый участок большой. Бывают трудности, как и в любой другой профессии.

Родители Аяужан Сейдасановой тоже всю жизнь посвятили железнодорожной отрасли. Ее отец трудился мастером в ПЧ, а мама осмотрщиком вагонов в ВЧД. Дочка Аяужан Кожахметовны еще учится в школе, но с детства мечтает стать диспетчером. Словом, целая династия железнодорожников.

– Всем женщинам и коллегам от всего сердца желаю крепкого здоровья, счастья, успехов в нашем нелегком труде. Пусть их глаза всегда светятся от радости. Знаете, женщины способны на многое, к примеру, сдвинуть горы! Пусть это будет девизом каждой представительницы прекрасного пола! – резюмирует Аяужан Кожахметовна.

*Айдана ЕРТАЙ, Павлодар*
*Фото автора*

## НИ МИНУТЫ ПОКОЯ

На протяжении 15 лет на станции Жанааул Карагандинской области добросовестно исполняет свои обязанности приемосдатчик груза и багажа Милена Пановская.



Профессию Милена выбрала себе неспокойную и не сравнимую с офисной.

– Пока ты на рабочем посту, необходимо выполнить массу разных дел – произвести осмотр поездов, выявить коммерческие неисправности и их устранить. В обязанности приемосдатчика груза и багажа также входит работа с документами, товарной кассой и так далее, – рассказывает Милена. – Большую часть времени я провожу на свежем воздухе, и в этом тоже есть огромный плюс. Выполнение прямых обязательств переплетается со здоровым образом жизни. О такой работе можно только мечтать.

Женщина не только передовик производства, но и прекрасная мать, жена. Муж Милены – Ислам трудится машинистом электровоза на станции Караганда-Сортировочная. Он регулярно ездит в Нур-Султан, Агадырь, Мойынты.

Супруги знают друг друга со школьной скамьи, и по сей день они вместе. Милена и Ислам понимают друг друга с полуслова, так как оба трудятся в железнодорожной сфере. Они воспитывают троих детей. Старшей дочери Алине исполнилось 18 лет. Она учится в Карагандинском государственном университете имени Букетова на 2-м курсе, изучает английский и китайский языки. Кроме того, девушка профессионально занимается танцами. Сыновьям Алиму и Алану недавно стукнуло 10 лет. Ребята активно осваивают восточные единоборства, поэтому времени на шалости и развлечения у них нет. Мальчишкам есть с кого брать пример – их отец занимался боксом более 10 лет.

Родители молодых людей тоже трудились в железнодорожной сфере. Отец Милены работал водителем в отделении дороги, а мать кадровиком в Жанааульской дистанции сигнализации и связи. Отец Ислама тоже был машинистом, а мать – проводником поезда.

По словам Милены Пановской она счастливая женщина, так как имеет надежного мужа и троих замечательных детей.

– У любого человека должна быть гармония во всем – в рабочих делах и в семейных взаимоотношениях. Если это есть, то значит, ты живешь не зря, – резюмирует Милана Пановская.

*Светлана МОГАЙ, Караганда*
*Фото автора*

## СТАВЬТЕ ЦЕЛИ И НЕ ОПУСКАЙТЕ РУК!

Поездной диспетчер 1-й категории Костанайского отделения магистральной сети Алла Штрошерер, ныне действующая чемпионка Азии по пауэрлифтингу и одновременно рекордсмен Азии в жиме лежа, Международный женский день встретила едва ли не в спортзале.



В настоящее время железнодорожница-спортсменка усиленно тренируется, готовясь к весеннему первенству страны по жиму лежа в Шымкенте. Ее предыдущий триумф – чемпионат Азии по пауэрлифтингу 2019 года, проходивший в Алматы, собрал более 500 сильнейших атлетов из 14 стран: Китая, Индии, Японии, Туркменистана, Казахстана и других. И пробиться сквозь эту стену к медалям было очень непросто. Но Алле Штрошерер это удалось. Выступая в троеборье, она выиграла «золото» в жиме лежа, приседе, становой тяге, а также получила четвертое «золото» за абсолютную победу. Ее результаты в каждом движении: присед – 128 килограммов, становая тяга – 135 килограммов, жим лежа – 88 килограммов. Именно в последнем движении – жиме лежа – Алла и установила новый азиатский рекорд. Прежний результат – 87 килограммов – держался целых семь лет, с 2012 года. Эти рекорды костанайской железнодорожницы тем удивительнее, что ей сейчас 49 лет, а вообще, заниматься пауэрлифтингом она начала всего 6 лет назад!

Что привело ее в спорт в таком возрасте? Почему штанга? И каково оно: не просто тягать железо, а еще и ставить рекорды.

– Я пришла в пауэрлифтинг шесть лет назад, когда мне было 43 года, – говорит Алла. – Просто хотела привести себя в порядок, что называется, подтянуть свою форму. Моя работа поездного диспетчера в основном сидячая, и после целого дня работы чувствовала себя разбитой, уставшей. Вот и переступила порог тренажерного зала, чтобы взбодриться.

Очень скоро в зале всем стало заметно, как она играючи поднимает большие веса. Видимо, в Алле дремал спортивный талант. Очень скоро Штрошерер стала участвовать в соревнованиях и выигрывать их одно за другим.

– Спорт помогает мне и в работе, – говорит Штрошерер. – Я чувствую себя более спокойной, расслабленной, несмотря на то что работа поездного диспетчера очень нервная. Теперь благодаря тренировкам, меня переполняет энергия. И сегодня, в канун Международного женского дня, я советую всем своим коллегам-железнодорожницам: занимайтесь спортом! Ставьте перед собой цели и добивайтесь их, верьте в себя, не опускайте рук ни при каких обстоятельствах!

*Малик АСЛАНОВ, Костанай*
*Фото автора*

## ВЛЮБИТЬСЯ И ОСТАТЬСЯ

В этом году исполнится 20 лет, как начальник станции Заводинка Серафима Казанцева пришла работать на железную дорогу. Улыбаясь, она рассказывает, что сюда ее привели гены. Да что там говорить, у нее в роду очень много работников стальной магистрали! Только в семье дедушки девять из 11 человек стали железнодорожниками. Поэтому Серафима Казанцева о другом пути для себя и не помышляла.



– Дедушка проработал 40 лет бригадиром Серебрянской дистанции пути, четыре тетки, когда им было по 18 лет, устроились монтерами пути. Мама работала билетным кассиром 20 лет, отец был бригадиром пути, брат работал монтером пути, а сейчас перевелся на подъездной путь в ТОО «Казцинк», – перечисляет Серафима Казанцева. – Со всех сторон я связана с железной дорогой.

Она родилась в поселке Прибрежный и в 19 лет пришла на станцию Заводинка, хотела устроиться дежурным по станции. Но строгое руководство предложило девушке вакансию дежурного стрелочного поста на станции Бухтарма. Серафима жила в 19 километрах от этой станции, но согласилась: очень уж хотелось устроиться на железную дорогу.

– Оказалось, что на стрелках работать интересно! На тот момент у нас был очень позитивный коллектив. Мы жили, как семья, очень хорошо ко мне люди относились. На работу добиралась пешком. Иногда удавалось поездами добираться, на дрезинах. Действительно, без стрелочника дежурного не бывает. Нужно обязательно начать с самых азов, чтобы в дальнейшем пополнять свой опыт, – говорит Серафима Казанцева.

Полгода она отработала по Бухтарме, затем немного была дежурным по станции и перевелась в Заводинку. Здесь она встретилась со своим будущим супругом. Он работал водителем дрезины на Серебрянской дистанции пути. В июле 2014 года Серафиму Казанцеву назначили на должность начальника станции. Заводинка – это промежуточная станция, которая относится к пятому классу. Грузовые работы на ней не производятся. У Серафимы в подчинении – четыре дежурных по станции, также здесь есть работники Серебрянской дистанции пути и Защитинской дистанции сигнализации и связи.

– Несмотря на то, что грузовой работы на станции нет, все равно ответственность большая, ведь это железная дорога, – говорит Серафима Казанцева. – У нас работа связана с путейцами, дрезина каждый день на станции находится. Работы всегда хватает, особенно сейчас. Зима выдалась очень сложной, многоснежной, приходилось работать по очистке и в праздники, и ночью, но делаешь все с удовольствием, потому что чувствуешь – это твоя зона ответственности.

Свое свободное время Серафима Казанцева проводит с семьей. У нее двое сыновей. Старшему – 13 лет, а младшему – три годика. Она любит готовить, ухаживать за огородом.

На День Независимости РК Серафиму Казанцеву наградили почетной грамотой президента АО «НК «ҚТЖ». Она говорит, что это незабываемо, и очень благодарна руководству железной дороги. А к Международному женскому дню Серафима Казанцева приготовила для своих коллег специальное поздравление.

– Женщинам работать на железной дороге сложновато, но мы справляемся, – говорит она. – Дорогие женщины, пусть в вашей жизни цветут самые прекрасные сады, всегда в душе живет весна. Будьте здоровы, счастливы и любимы! Желаю успехов в труде, чтобы работа была в удовольствие, а время, проводимое среди коллег, было приятным и плодотворным!

*Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск*
*Фото автора*

ӨНЕГЕ

Арыс қаласында тұратын теміржолшы, көпбалалы ана, «Алтын алқа» иегері Нұрбибі Мекенбайқызымен «Бақыт деген не? Жарасымды жанұя сыры неде?» деген тақырыпта әңгіме өрбіттік.

# БАҚЫТ ДЕГЕН ОЛ... ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ



55 жастағы Нұрбибі ханым – бүгінде 8 баланы өсіріп, тәрбиелеп отырған үлгілі шаңырақтың анасы. 1982 жылы еңбек жолын техникаларды өлшеу зертханасында лаборант болып бастаған ол бүгінде Арыс ТЧЭ-32 локомотив депосы цехында техникалық қосалқы көмекші болып жұмыс істейді. Негізгі атқаратын міндеті – құрал-жабдықтарды тазалау, күтіп-баптап ұстау. Ауыр әрі қара жұмыс болса да бала-шағаның нәпақасы үшін аянбай тер төгіп келе жатқанына биыл шілде айында 38 жыл толмақ.

Өмірлік жан жолдасы Оралбай Тұрсынбеков те осы депода еңбек етеді. 1983 жылы 26 тамызда бас қосып, шаңырақ көтерген олар бүгінде көпбалалы отбасы атанып, ел қатарлы түтін түтетіп отырған жайы бар. Үйдің тұңғышы 1984 жылы дүниеге келген Мөлдір мектепті алтын белгімен бітірген екен. Бүгінде Ташкент қаласында тұрады, сол жақтың келіні. Бұдан кейін туған 1985 жылғы Жанар мамандығы бухгалтер, Кентауда тұрады, 1989 жылғы Ләззат есімді қыздары Қызылорда жаққа ұзатылған, медбике болып істейді. Ал 1993 жылғы Жаңыл Шымкентте тұрады, бастауыш сыныптың мұғалімі. 2000 жылғы Ұлдидар атты қыз Мирас университетінің 4 курс студенті болса, Еламан есімді ұл Шымкенттегі М.Әуезов атындағы университетте архитектура мамандығы бойынша білім алып жатыр. Ал үйдегі кенжелері 2006 жылғы Қарақат пен 2008 жылы дүниеге келген Кәусар 8 және 5-ші сынып оқушылары. Қысқасы, үлкен төрт қызын құтты орнына қондырып, қалған екі студент пен екі оқушыны оқытып отырған отбасы.

«Өзіміз жоғары білім алмасақ та балалар оқысын деп бәрін оқытуға, жетілдіруге тырыстық. Қатарынан кем қалмай, өз нандарын тауып жесін дедік» деген ананың ақжарма тілегі қарап тұрсақ, орындалғандай.

«Ұл екеу болса дейміз. Денсаулығым мен бойымда күш-қуатым болса тағы бір ұлды болуды қалар едім, қазақпыз ғой енді, үмітім үзілген жоқ. Екі үлкен қыздан кейін екі егіз ұлым болған, шетінеп кетті. Аман болғанда қазір 10 баланың анасы болып отырар едім», – дейді өкінішін де жасырмай.

Иә, қазақ ұлды шаңырақ иесі, ұрпақ жалғасы ретінде көретіні жасырын емес. Қазіргідей нарық заманында сегіз баланы жетілдіру, аяққа тұрғызу оңай шаруа емес. Алайда, қазақтың алтын құрсақты аналары бүкіл тауқыметті қайыспай көтеруге дайын екеніне таң қалмасқа шараң жоқ...

«Есіңізде қалған ерекше оқиғаны айтып беріңізші?» деген біздің тілегімізге орай Нұрбибі Мекенбайқызын 2017 жылы Астанаға барған сапарын жыр қылып айтып берді. «ҚТЖ-ға әйелдер мерекесін тойлауға сіз барасыз деп кадрдан мені жіберді. Бала-шағаңыз да, еңбек өтіліңіз де көп, сіз баруға лайықсыз деді. Қазақпыз ғой, айлығымның бәрін жаратып қойған болатынмын. Шыны керек, қаржыдан қысылып тұрғандықтан бара алмаймын деп едім, қарыз алсаңыз да билет тауып, барып келіңіз деді. Содан не керек, екі жүзігімді ломбардқа өткізіп, анадан, мынадан қарыз алып жолға шықтым. Пойыздан күтіп алып, қонақ үйге апарды. Ауылдың арасынан ұзап шығып көрмегенмін ғой, барсам өзге өңірден келген қыз-келіншектер мерекеге барын салып дайындалып жатыр екен. Мені де әлгі жерде шаш бұйралап, боянып-сылануға шақырды. Ішімнен қысылып тұрмын, ұялғанымды білдіртпей бас тартсам, «бүкіл шығыныңыз ҚТЖ есебінен, қысылмаңыз» деп бір бөлмеге сүңгітіп жіберді мені қыздар. Содан киіндіріп, бояндырып, сәндеп-әрлеп шығарып, айнадан өзімді көргенде талып қала жаздадым. Таңғы уақытта ҚТЖ ғимаратының 22-қабатында өткен арнайы банкетке бардық. Содан «Хабар» арнасының журналистері келіп түсіріп кетті. Оны ауылдастарым теледидардан көріп мені танып, «мынау Нұрбибі ғой» десе, ешкім сенбепті. Сол кеште жан-жақтан жиылған әйелдер қауымын тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіров үлкен құшақ-құшақ гүлдер сыйлап, мерекемен құттықтады. Ал түскі асқа Астанадағы Риксос деген керемет мейрамханаға бардық. Одан шыққан соң ҚР Тұңғыш Президентінің музейіне бардық. Автобуспен бізді қонақ үйге алып келді. Кешкісін ғажайып Астана опера және балет театрында үш сағат концерт тамашаладық. Әнші Нұржамал Үсенбаева жерлестеріме арнаймын деп біздің құрметімізге ән айтып берді. Шыны керек, біз Арыста ел ішінде жүріп, көп нәрседен шеттеп қалыппыз. Астанаға барып мүлдем басқа өмірді көріп, бір жасап қайттым. Бізге мерекеге орай шай ішетін қымбат сервиз сыйлап, жолақымызды төлеп, оған қоса 50 мың теңгеден сыйлық берді. Астананың көрікті деген жерлерін армансыз араладық , Хан-шатыр дегенге бардық, мешітте де болып, балаларым мен елімнің амандығы үшін дұға жасадым. Бірақ жөндеу жұмыстарына байланысты «Бәйтерек» жабық тұрды», – деп ұзақ-сонар әңгімесін аяқтады апамыз.

Көпбалалы ана жақын жерде тұратын қыздары мен күйеу балалары сыйлықтарын алып мерекеде жетіп келетінін, ал алыстағысы телефон арқылы құттықтайтынын айтты. Менің бар байлығым – балаларым, дегенді ұқтырған алтын құрсақты ана «бақыт деген ол – жарасымды жанұя» деді ойланбастан.

**Жан ПЕРДЕБЕК**, *Арыс*
*Суретті түсірген автор*

СҰХБАТ

# АҚПАРАТ АЛУДА ЕШ КЕДЕРГІ ЖОҚ

«ҚТЖ» ұлттық компаниясы Техникалық орталығына қарасты Музейлер мен техникалық кітапханалардың қызметін үйлестіру бөлімінің бас менеджері Елена Некрашевич теміржол саласы қызметкерлерін ғылыми-техникалық ақпаратпен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар, жаңашылдықтар туралы әңгімелеп берді.



**Сұлугүл БАКЕСОВА**

**– Елена Михайловна, қазір көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызған дейтін заман. Десек те, теміржолшылардың жұмысы қауырт, ақпарат іздеп, интернетке сарылып отыратын уақыты жоқтың қасы. Сондықтан ғылыми-техникалық ақпараттарды тарату жағы қалай ұйымдастырылған?**

Білім менеджменті сапа менеджменті жүйесінің ажырамас бөлігі. Ал ISO 9000 нұсқаларында білімді басқару жүйесін дамыту қажеттілігі идеясы әлдеқашан қарастырылған. Алдымен әңгімемді ISO 9000 нұсқаларында білім менеджменті ресурстар менеджменті ретінде қарастырылатынын, ал стандарттың 6.7 бөлікшесі «білім, ақпарат, технология» сияқты ресурстардың ерекше түріне арналғанын айтар едім. ISO 9001: 2015 стандартында «Фирмаішілік білім базасы» 7.1.6-бөлікшесінде білімді ресурс ретінде басқару жөніндегі ережелер айқындалған. Техникалық орталықтың ғылыми-техникалық ақпарат блогы, шын мәнінде, компаниядағы білімді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын кітап және ақпараттық саладан білім инфрақұрылымын құрап отыр. Білім инфрақұрылымының бір бөлігі ғылыми-техникалық ақпаратты басқарудың автоматтандырылған жүйесіндегі корпоративтік база болып табылады. Мұнда әртүрлі ғылыми-техникалық ақпараттардың, нормативті-техникалық құжаттамалардың, оқыту бейнематериалдарының, көрнекі оқу құралдарының толықмәтінді деректер базасы және техникалық әдебиеттердің, теміржол тақырыбы бойынша мерзімді басылымдардың бірегей қоры бар техникалық кітапханалардың желісі сақталған. Жүйеге орналастырылған барлық ақпарат құрылымдалған, жүйеленген, жіктелген және компания тобындағы қызметкерлерге пайдалануға өте қолайлы. Ақпаратты көшіріп алғанын және кіріп қарағанын есептеуіштер бар, сонымен қатар ұлттық компанияның 21 мыңнан астам қызметкері кітапхананың тұрақты оқырманы болып табылады.

**– Демек, қазір компания қызметкерлері жұмыстарына қатысты ғылыми-техникалық ақпаратты алуда еш қиындық жоқ дейсіз ғой...**

– Әлбетте, ғылыми-техникалық ақпараттың автоматтандырылған басқару жүйесінде, яғни ҒТА БАЖ-де (АСУ НТИ) орналасқан және техникалық кітапханалар қорындағы ақпараттар өндірістен қол үзбей, техникалық сабақ өткізуге; бағдарламалық, стратегиялық, өндірістік, нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу кезінде ақпарат дайындауға, басқару шешімдерін қабылдау кезінде бэнч-маркинг (салыстырмалы талдау) жүргізуге, компаниялар тобы бойынша әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге; өзіндік дамуға және өзін-өзі жетілдіруге; оқу орталықтары базасында оқыту бағдарламасының оқу материалдары ретінде кадрлар біліктілігін арттыруға арналған. Ақпараттың қолжетімділігі – оның қажеттілігі мен пайдаланылуының негізгі өлшемі болмақ. Осы ретте, Техникалық орталықта ақпараттық қорды цифрлаудың жылдық жоспары бекітілгенін айтар едік, қазіргі уақытта Қордың 19%-ы цифрландырылды. Сонымен қатар техникалық тапсырма әзірленіп, қазір мобильдік қосымшасы бар электрондық цифрлық кітапхананы (ЭЦК) енгізуге дайындалып жатырмыз. ЭЦК – рационализаторлық ұсыныстармен, идеялармен жұмысты автоматтандырылған режимде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін көпфункционалды ақпараттық жүйе. Ол білім алушыларды тестілеу мүмкіндігімен оқу бағдарламалары мен өндірістік оқытудың үздік тәжірибелерін қамтитын болады.

**– Техникалық орталық тарапынан енгізіліп жатқан қандай жаңашылдықтарды атап өтер едіңіз?**

– Уақыт ағымына қарай Компанияның техникалық орталығы да бір орында тұрмай, алға қадам басуда. Мәселен, орталықпен қызметкерлерді ақпараттық-кітапханамен қамтамасыз етудің жаңа электрондық түрлері енгізілді. Атап айтсақ, виртуалды тақырыптық көрмелер, құжаттарды электрондық жеткізу, электронды айналмалы почта, БД «журналдардың электронды нұсқалары», олардың 60-тан астам атауы бар, күнделікті жаңалық бюллетені, апталық аннотациялық мерзімді бюллетень. Осы ретте, мен виртуалды тақырыптық көрмеге ерекше тоқталар едім. Біз бұл жобаны іске қосқанда, оның маңыздылығын анықтау мақсатында кері байланыс орнаттық. Өткен жылы үш тақырыпты қамтыған виртуалды көрме ұйымдастырдық. Ол қолданушылар көңілінен шықты. Біз бұл көрмеде әр тақырып бойынша көрнекі құралдар, ақпараттар, соны жаңалықтар, бейнематериалдар ұсынамыз. Биыл да осы жобаны жалғастырып, 20 жуық тақырыпты қамтуды жоспарлап отырмыз. Жалпы өткен жылы компания топтары бойынша қызметкерлерге 370 мың бірлік көлемінде ақпарат ұсынылды. Ақпараттық-кітапханалық қорды пайдаланушылар бағамына сүйенсек, олардың ақпаратқа қанағаттануы 94% құрайды. Цифрлы экономика – бұл ең алдымен білім экономикасы. Техникалық орталықпен құрылатын корпоративтік білім базасы – бұл компанияның өз-өзін оқытуға бағытталған білімді басқарудың пәрменді құралы.

**– Жалпы деректер банкінің жаңа ақпараттармен толықтырылуы қалай? Білімін жетілдіруге және ақпарат алуға ниет білдірушілер қатары көбейіп келе ме?**

– 2019 жылы ҒТИ БАЖ деректер банкі 48679 бірлік-атаулы ғылыми-техникалық ақпаратпен толықты. Сонымен қатар 248 пайдаланушы тіркелді, деректер банкіне жіберген сұрау-өтініш саны 11,5%-ға артты, құжаттарды беру көлемі де алдыңғы жылмен салыстырғанда 7,8%-ға артты. 2019 жылы ҒТА БАЖ-ға кіру санын деректер банкіне сұраныс-өтініш санымен және олар бойынша берілген құжаттардың көлемімен салыстыра отырып, ҒТА БАЖ ДБ-да орналастырылған құжаттардың сапасы мен өзектілігінің артқанын айтар едік. Өз кезегінде, Деректер банкінің ақпараттық құжаттармен толықтырылуының төмендеу факторларын құжаттарды электрондық жеткізу көлемінің артуымен, электронды айналмалы пошта қызметтерін енгізілуімен және виртуалды көрменің ұйымдастырылуымен байланыстырар едік.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

КӨКЕЙКЕСТІ

# КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮ КЕРЕК

**300 жұмысшысы бар теміржол мекемелерінде дәрігер болуға тиіс. Санитар мамандар штаттық құрамды қарап, медбике ғана емес, дәрігерлерді де қызметке алуды міндеттеп отыр.**

Ақтөбе бөлімшелік көліктегі тауарлармен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының өкілдері «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ – Ақтөбе Жүк тасымалы бөлімшесі және «ҚТЖ» ҰК» АҚ – Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі, «Жолаушылар тасымалы» АҚ филиалдарының басшылық құрамымен кездесті. Кездесуде теміржолшылар жағдайы, денсаулығы сөз болып, анықталған кем-кетікті қалыпқа келтіру жайы сөз болды. «Талапқа сай тізімдік құрамы 50-ден 300-ге дейін жұмысшысы бар объектілерде медициналық пункт, ал 300-ден астам адам бар объектілерде фельдшерлік немесе дәрігерлік денсаулық сақтау пункттері болуға тиіс. Жоспарлы санитариялық-эпидемиологиялық тексеріс нәтижесінде бірқатар кемшіліктер анықталды. Зиянды өндірістік факторларда қызмет атқаратын жұмысшылардың еңбек жағдайы толығымен сақталмаған, сауықтыру іс-шаралары жолға қойылмаған жайттар кездеседі», – деді басқарма басшысының орынбасары Жадыра Алданова.

Жоспардан тыс санитарлық-эпидемиологиялық тексеріс кезінде Ақтөбе жол дистанциясына қарасты Жайсан, Мартук, Жіңішке, 41 разъезд, Аққемер, Алға, Бестамақ, Тамды станцияларында орналасқан теміржол өткелдеріне және жылыту пункттеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендігі анықталған. Автокөліктен шыққан зиянды химиялық заттарды шығаруға арналған жасанды желдету көздері қарастырылмағандығы да белгілі болған. Сонымен қатар станциялар орталықтандырылған ауыз суымен қамтамасыз етілмегені де, барлық станциялар мен разъездерде тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдауға арналған арнайы стандартты контейнер жоқтығы да кемшілік ретінде аталды. Осы кем-кетікті тез арада қалыпқа келтіру тапсырылды.

Сонымен қатар Ақтөбе материалдық-техникалық жабдықтау базасына қарасты қоймаларда, тепловоз қоюға арналған бокстардың күрделі жөндеуді қажет етіп тұрғанын айтқан санитар мамандар жұмысшыларға еңбек жағдайы жасалуын талап етті. Теміржолшылар аталған кемшіліктерді жақын күндері жоюға уәде берді.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*

РЕЙД

# ЖОЛ БОЙЫН ЖАЯУ АРАЛАДЫ

Маңғыстау станциясы басшылығының ұйымдастыруымен өткен «Темір жол – аса қауіпті аймақ» атты кезекті рейдке теміржолшылармен қатар құқыққорғаушылар, ауыл әкімдігі өкілдері де атсалысты.

**Шахизат САРИНА,**
*Маңғыстау*

Маңғыстау станциясы директорының орынбасары Айбол Есмұхановпен бірге Маңғыстау ауылы әкімінің орынбасары Айдос Елемесов, Маңғыстау станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің инспекторы Нұрлыбек Рахметов, Әскерилендірілген теміржол күзеті қызметі шұғыл әрекет ететін оңтайлы тобының аға күзетшісі Жұбаныш Ізбанов, күзетші Сағындық Тұрақбаев теміржол бойын жаяу аралап, тұрғындармен тілдесіп, теміржолда адам мен қараусыз жүрген малды басу оқиғаларының көбейіп кеткенін, оның салдары туралы түсінік жұмыстарын жүргізді. Теміржолда қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігін айтып, тәртіпке бағынбаған жүргіншілерге заңдық шара қолданылатынын да ескертті. Белгіленбеген жерлерден теміржолды кесіп өтіп бара жатқан азаматтарды анықтап, жеке-жеке сөйлесті.



– Маңғыстау станциясында, өкінішке орай, бала да, шаға да, ересектер де теміржолдың белгіленбеген жерінен өтетін жағдай көп кездеседі. Жолға барлық ескерту белгілері ілінгеніне қарамайды. Сондықтан оларға мұндай әрекеттің арты өміріне қандай қауіп пен қатер төндіретінін ескертіп және балаларының теміржол аумағына ойнауға жібермеуді қатаң қадағалау керектігін айтудай-ақ айтудамыз. Жақын ауылдардың балалары теміржолда ойнап жүреді. Кейде олар жолға тас, бөгде заттарды қойып кетеді. Оны да айттық. Сондай ақ, теміржол мүлкін ұрлаудың да салдарын түсіндірдік, – дейді Маңғыстау станциясы директорының орынбасары А.Есмұханов.

*Суретті түсірген автор*

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ

# «АДАЛ ЖОЛ» АНЫҚТАҒАН АЙҒАҚТАР

Жуырда Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы дөңгелек үстел болып өтті. Жиынға теміржолшылармен қатар ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті мен Шымкент станциясы ЖПБ өкілдері қатысты.



**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Шымкент*

Бөлімше басшылығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес «ҚТЖ» ҰК» АҚ алдына қойған басты мақсаттарының бірі екенін атап өтті. «Қазіргі таңда «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сауат Мыңбаевтың тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Сондықтан Компания ұстанымы – біздің ұстанымымыз», – деді Шымкент бөлімшесі директорының орынбасары Әділхан Әмірханов.

Айта кетейік, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен «Жолаушылар тасымалы» АҚ арасында теміржол жолаушылар көлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғаны белгілі. Осы келісім аясында агенттікпен бірлесіп «Адал жол» жобалық кеңсесі құрылды. Мақсаты теміржолдағы жолаушылар тасымалының тиісті жұмыс істеуін, халықтың жолаушылар көлігінде көрсетілген қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету, жемқорлықты анықтау, сондай-ақ «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу болды . Сонымен қатар, «Шымкент – адалдық алаңы» жобасы бойынша арнайы мониторинг топ мүшелері және БАҚ өкілдерінің қатысуымен билетті алып-сатушыларды анықтау үшін «Жасырын сатып алушы» акциясы ұйымдастырылды. Акция кезінде Шымкент қаласы аумағында делдалдардың билет сату бойынша бірнеше факті анықталды.

– Жыл басынан қазірге дейін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментімен құрылған «Адал жол» жобалық кеңсесі Шымкент қалалық көліктік бақылау инспекциясымен бірлесіп, жол бойында жолаушылар пойыздарына рейдтік шаралар жүргізген. Нәтижесінде, билетсіз жүрген 76 жолаушы анықталды. Сондай-ақ, тасымалдаушылар тарапынан жіберген 115 қағида талаптарының бұзылғандығы анықталды. Осы аталған кемшіліктер негізінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы 74 хаттама толтырылып, тиісті тұлғалар жауапкершілікке тартылып, миллион теңгеден аса айыппұл салынды, – деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің аға офицері Асылбек Сәбит.

Дөңгелек үстелде бөлімшенің негізгі басты көрсеткіштерінің бірі жүк тиеу мәселесі де сөз болды. Бұл бағытта сыбайлас жемқорлыққа қатысты оқиғалар орын алса, 95-55-26 немесе 96-62-63 сенім телефонына хабарласу керектігі құлаққағыс етілді.

*Суретті түсірген автор*

СЕМИНАР

# ОБМЕН ПОЛОЖИТЕЛЬНЫМ ОПЫТОМ

В Мангистауском отделении ГП проведен семинар-совещание на актуальную тему «Качественная профилактическая работа по безопасности движения».

**Райхан РАХМЕТОВА**

По тематике «Профилактика нарушений безопасности движения и человеческий фактор в системе безопасности движения поездов» выступил первый заместитель директора филиала Ерлан Бурхутов. Он рассказал о методах идентификации и анализа человеческих факторов, о принципах их управления, а также об основных направлениях для постоянного улучшения.

По основным нарушениям, выявляемым при проверках и ревизиях, а также мерах по их недопущению подробно рассказал начальник службы безопасности движения Аманкос Кусаинов. Им озвучены упущения в содержании и ведении нормативно-технической документации, порядке отправления хозяйственных поездов и действиях при выключении стрелочных секций из электрической централизации при производстве путевых работ.

В рамках мероприятия также проведены показательные технические занятия от руководителей линейного уровня: начальника станции Болашак Максата Нурбекова, машиниста-инструктора по обучению Мангистауского эксплуатационного локомотивного депо Жумабека Аселова, мастера ПТО Мангистауского вагонного депо Жанабая Елеусинова.

Участниками семинара-совещания был отмечен положительный опыт станции Болашак по изготовлению, внедрению и установке на рабочих местах информационных стендов по действиям работников, связанных с движением поездов при нестандартных ситуациях. Кроме того, были рассмотрены вопросы, касающиеся рисков в проведении технического обучения работников филиала.

По итогам данного семинара участниками дана положительная оценка, высказаны предложения продолжить данную практику, в том числе с выездом на линейные предприятия, выработаны рекомендации, которые призваны улучшить рассмотренные актуальные вопросы.

*Фото автора*



МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖЕНСКИЙ ДЕНЬ

# С УВАЖЕНИЕМ К СТАРШИМ КОЛЛЕГАМ

**Праздничное мероприятие для тружениц Астанинского эксплуатационного локомотивного депо, вышедших на заслуженный отдых, организовали в столице в преддверии Международного женского дня.**



Профсоюз столичного депо совместно с советом ветеранов собрали за богатым дастарханом 30 представительниц старшего поколения железнодорожников, посвятивших десятилетия работе в отрасли.

– Это женщины с большим стажем, которые работали непосредственно с локомотивными бригадами, водившими поезда с хлебом, рудой, углем. Это медики, нарядчики, на плечах которых лежала нелегкая и важная работа, – рассказала председатель совета ветеранов Астанинского эксплуатационного локомотивного депо Людмила Красноштанова.

В адрес дорогих гостей прозвучали теплые слова пожеланий от председателя профсоюза столичного депо Рината Абайдильдинова, заместителя начальника депо по эксплуатационной работе Жаната Касымханова, менеджера по кадрам и трудовым отношениям Венеры Калмахановой.

– Очень приятно, что депо нас, пенсионеров, не забывает, – поделилась эмоциями представительница железнодорожной династии Лилия Деренг. – Хочется выразить особые слова благодарности нашему профкому и председателю совета ветеранов, которые всегда приглашают нас на мероприятия в депо, организовывают походы в театр, бассейн, на культурные мероприятия. Мы активно участвуем в соревнованиях по лыжам, плаванию и шахматам. Например, команда ветеранов нашего депо уже шесть лет является лидером Сарыаркинского района столицы по лыжам.

Поддержала Лилию Деренг и еще одна спортсменка депо Любовь Алексеенко, которая посвятила работе нарядчиком 26 лет жизни.

– Большое спасибо за оказываемое нам внимание, заботу о людях преклонного возраста. Такие мероприятия дарят положительные эмоции, радостно видеть своих бывших коллег, вспомнить о трудовых буднях. Пользуясь случаем, поздравляю всех женщин с наступающим праздником! Благополучия, здоровья и успехов вам и вашим семьям! – обратилась к читателям она.

*Любовь РОВБА*

УЧЕНИЯ

# ПАВОДОК НЕ СТРАШЕН

**Работники порта Актау в ходе тактико-специального учения «Көктем-2020» отработали действия при неблагоприятном развитии паводковой обстановки.**



По сигналу оповещения «Внимание всем!» был собран весь персонал порта, в том числе штаб гражданской обороны, эвакуационная комиссия и добровольные формирования гражданской защиты.

Личным составом Военизированной железнодорожной охраны оцеплена территория порта. Спасательная команда на берегу установила защитные дамбы, чтобы не допустить подтопления.

Согласно сценарию, были проведены также неотложные работы по спасению пострадавших при падении крана, а также с использованием сил и средств отделения пожаротушения и морской разведки организовано тушение «пожара», возникшего на причале и судне.

Медицинская бригада оказала пострадавшим первую медицинскую помощь с последующей госпитализацией в больницу.

– В спасательных и других неотложных работах по ликвидации чрезвычайных ситуаций при неблагоприятной паводковой обстановке в весенний период все службы сработали оперативно и слаженно, вовремя предотвратив тяжелые последствия, – заключила специальная комиссия по итогам учения.

*Роман ЛЮБИМОВ*

МУЗЕЙ

# ПОТОМКАМ БУДЕМ ГОВОРИТЬ, КАКИМ БЫЛ ДЕД,И БУДЕМ ИМ ГОРДИТЬСЯ...

Заведующий уральским музеем АО «НК «ҚТЖ» Почетный железнодорожник Михаил Надточий подготовил к 75-летию Победы большой исторический материал об участии уральских железнодорожников в Великой Отечественной войне. С начала года им проведено 8 лекций с охватом около 200 человек.

**Марьяна ПЕРВУШИНА,**
*Уральск*

Большая часть лекций, приуроченных к дате окончания Сталинградской битвы, ближним тылом которой был Уральск, прошла в феврале. Одной из самых ярких стала встреча с учащимися подшефной школы № 45, бывшей железнодорожной. В ней приняли участие инвалид Великой Отечественной войны Борис Шолубай и труженики тыла Фаина Разбаева, 46 лет проработавшая кондуктором, затем проводником, движенец Кабдыгали Ахметов и бессменный руководитель музея Михаил Надточий.

Напомним, что уральский музей ҚТЖ был организован в 1994 году, в год 100-летия Рязано-Уральской железной дороги – первой на территории современного Казахстана. За время существования музея с его экспозицией ознакомилось около 40 тысяч человек, в 2019-м году – более 2000.

Школьники очень внимательно слушали рассказ хранителя музея о том, что строительства железной дороги добился губернатор Уральской области генерал-лейтенант Шипов, она заработала в 1894 году.

– Узкоколейку шириной в 1000 миллиметров сменила широкая колея в 1913 году. По распоряжению Николая II железные дороги перепрошили по ширине расстояния между колес артиллерийских орудий – 1524 миллиметра, – рассказывает Михаил Надточий. В то время паровозы нужно было заполнять водой через 20–30 километров, и на всех станциях стояли водонапорные башни. В 1936 году советские ученые усовершенствовали систему, и вода требовалась паровозам через 100–170 километров пути, что дало неоспоримые преимущества во время ведения боевых действий.

– 16 октября 1942 года Уральск был включен в зону фронта, – продолжает свой рассказ хранитель музея. – По проекту, в сутки по нашей железной дороге должно было проходить по 12 поездов в одну и другую стороны, а проходило по 24 поезда. Для обеспечения бесперебойного движения работали связисты, которые передавали сообщения с помощью азбуки Морзе. На всем протяжении пути стояли сигнальщики, которые регулировали движение поездов. Днем они использовали красные и желтые флажки, а ночью – керосиновые фонари. Не менее тяжелым был труд обходчиков. На станциях они вычищали буксы от загрязненного мазута и заливали туда чистый, носили при себе 10-литровые масленки.



В то время все пути были залиты мазутом.

На станциях Сайхин, Жанибек и Шунгай (ныне они относятся к РЖД) формировались фронты, дивизии отправлялись по железной дороге к Волге. Фашистские самолеты регулярно бомбили эти станции. Только за сентябрь 1942 года на них было совершено 22 групповых и 12 одиночных налетов, сброшено 538 авиабомб. Железнодорожники защищались – на вагонах устанавливали ракетные орудия, из которых сбивали самолеты. В таких боях прославился машинист паровозного депо Уральска Покусай. Когда он вел поезд с танками к Сталинграду, его 15 раз атаковали самолеты. Бригада была убита, а тяжело раненный машинист доставил танки к месту назначения. Современные железнодорожники гордятся и подвигом машиниста Завертайло, который отремонтировал неостывшую топку паровоза. По правилам, топка остывает двое суток – только потом в ней можно производить ремонтные работы. Однако военное время диктует свои условия.

С июля по декабрь 1942 года в результате налетов было повреждено более 100 паровозов, погибли 1393 и ранены 1800 железнодорожников. Однако за всю войну западноказахстанские железнодорожники не допустили ни одной аварии или задержки поезда. С 1 по 19 ноября 1942 года на Сталинградский фронт было переправлено 160 тысяч солдат, 10 тысяч лошадей, 430 танков, 600 орудий, 14 тысяч автомашин.

События Великой Отечественной включают в себя множество подвигов людей, живших в тылу. Уральцы каждый день сдавали по 75 литров крови для раненых. Женщины-железнодорожницы освоили профессии помощника машиниста, слесаря, токаря, кочегара. Работники стальной магистрали были зачинателями сбора средств на постройку танковой колонны в Приуралье. К ним присоединились рабочие, служащие, колхозники. В результате было собрано 110 000 рублей, а область получила Благодарственную телеграмму от Верховного главнокомандующего Иосифа Сталина – копия телеграммы хранится в музее.

– На перекидных стендах музея собраны фотографии практически всех сотрудников уральского отделения железной дороги. Эти ветераны с фото 70–80-х годов доставляли грузы в пекло сталинградских боев, отстреливались от фашистских самолетов, – показывая экспонаты музея, отметила заместитель председателя совета ветеранов-железнодорожников Уральского региона Валентина Надточая.

Большое впечатление на школьников произвели и рассказы участника ВОВ Шолубая, тружеников тыла Разбаевой и Ахметова, которым было по 7–9 лет, когда они уже трудились на Победу. Учитель музыки Айгуль Ескалиева и классный руководитель 4-го класса Маржангул Шафхатова вместе с ребятишками показали небольшой концерт ветеранам, исполнив песни военных лет и прочитав стихи о войне.

*Фото автора*

# ХРАНИТЕЛИ ИСТОРИИ

В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) в рамках празднования Наурыза планируется открытие музея железной дороги Защитинского региона.

**Ольга УШАКОВА,**
*Усть-Каменогорск*

Два года потратило руководство депо на реставрацию музея, который несколько лет назад находился в здании бывшего Восточно-Казахстанского отделения дороги.

– По сути, мы сделали его с нуля, – рассказал начальник Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Ермек Смагулов. – Забрали документы, фотографии, а мебель, оборудование, несколько макетов купили сами. Вагонники дали нам для музея макеты грузовых вагонов. Мы рады, что у нас сохранится история железной дороги.

Экспонаты музея расскажут посетителям не только об истории локомотивного депо, но и путейцев, вагонников, движенцев. Интересный факт – предметы для музея в середине 1990-х годов начала собирать библиотекарь и общественница Светлана Данильченко. Она ходила в гости к прославленным железнодорожникам, ветеранам, записывала их воспоминания. Многие пенсионеры «железки» с удовольствием отдавали ей для музея свои награды вместе с удостоверениями, уникальные вещи, спецодежду работников стальной магистрали прошлых лет, старые, пожелтевшие от времени фотографии.

Энтузиастка собрала фото начиная с 1930-х годов, когда в Усть-Каменогорске только-только получала развитие железная дорога. Среди экспонатов были и письма военных лет. Их писали работники стальной магистрали, которых призвали на фронт в 1941–1945 годы. Многие так и не вернулись к мирной жизни. Светлана Данильченко нашла немало снимков, на которых запечатлены основатели славных трудовых династий, победители социалистического соревнования, ветераны войны и труженики тыла. Несколько десятилетий назад заслуженных железнодорожников в зависимости от того, на каких участках стальной магистрали они трудились, награждали нагрудными знаками: «Отличный паровозник», «Отличный строитель», «Отличный движенец», «Ударник Сталинского призыва», «За доблестный труд к столетию со дня рождения В. Ленина». В музее были собраны нагрудные знаки, медали, удостоверения о наградах, даже ордена, железнодорожные атрибуты – фонари путейцев, тулупы-«гудки», «шарманки» и «балетки», в которых паровозники носили еду и предметы гигиены.

Многие экспонаты удалось сохранить в обновленном музее. Каким он стал, посетители смогут увидеть уже скоро, 20 марта.

NUR MEDIA

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

«Нұр-Медиа» ЖШС Бас директоры
**Болат КАЛЬЯНБЕКОВ**

Бас редактор
**Дина МУЗДУБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт ӨМІРЗАҚОВА**

Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Кенесары, көшесі, 25. Бөлім тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09, 94-52-88, railnews@mail.ru

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11533
Газет тарату және жеткізу қызметімен «Нұр-Медиа» ЖШС айналысады
® Жарнама. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Кезекші редакторлар: **Р. Рахметова, Р. Рахметов**

**Меншікті тілшілер:**
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Джуманова 8-701-195-70-35
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Жарнама жөніндегі менеджер Жанель Сағындықова, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama_hit@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.

Руководство и коллектив АО «КТЖ – Грузовые перевозки» выражают глубокие и искренние соболезнования родным и близким в связи с тяжелой утратой – кончиной менеджера по персоналу филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП»
**Глебовой Ириады Борисовны**

Руководство и коллектив филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» и филиал Профсоюза железнодорожников выражают глубокое и искреннее соболезнование родным и близким в связи с безвременной кончиной менеджера по персоналу
**Глебовой Ириады Борисовны**

ӨШПЕС ЕРЛІК

# МАҚАТТЫҚТАРДЫҢ МӘҢГІ МАҚТАНЫШЫ

Ерлік соғыста ғана жасалмайды, бейбіт өмірде де қарапайым адамдар ерлікке пара-пар іс тындырып жатады. Мақатта теміржолшы қыз атында көше бар. Осыдан көп жылдар бұрын Мақат станциясының кезекшісі Айман осындай ерлік жасап, тұтас ауылды аман алып қалған.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
*Атырау*




Оқиға былай өрбіген. 1985 жылдың 14 қыркүйек күні Мақат станциясының кезекшісі Айман Жұмашева әдеттегідей жұмыс ауысымында отырады. Түнгі 1:15-те 11-ші жолда өрт шығады. Оның себебі, 13-і күндіз станцияға Қандыағашқа баратын салмағы 4425 тонна ауыр жүк пойызы келіп тоқтайды. Жүк көлемін жеңілдету үшін құрамадан бес цистерна дөңес арқылы ажыратылып, 11-ші жолдағы вагондарға жалғанады. 14-і түнгі 00:05 уақытта №3402 пойызымен 10-шы жолға келген машинист вагондардың бірінен сұйықтық ағып тұрғанын байқап қалады. Ол станция кезекшісі Айман Жұмашеваға рация арқылы хабарлайды. Кезекші техникалық қамту бөлімінің операторына сол жерге дереу вагон қараушыларды жіберуге нұсқау береді. Вагон қараушылар мен жөндеушілер жедел жеткенмен, 15 тонна бензин жерге төгіліп, біраз жерге жайылып үлгерген еді. Станция қызметкерлерінің бірінің қателігі шығар, шылым шоғынан ұшқын тиіп лап етіп өрт тұтанады. Нәтижесінде ішінде бензині бар 4 қазан жарылып, ол лаулаған өртке ұласады...

Айман орын алған жағдайды тиісті орындардың бәріне хабарлайды. Ендігі міндет станция басындағы тез тұтанғыш вагондарды өрт аумағынан шұғыл алып кету үшін жанталаса іске кіріседі. Осы операцияны басқару пункті үшінші қабатта болатын. Онда станция кезекшісінің көмекшісі, ЭЦ постының кезекшісі және 2 СОБ электромеханигі болған еді. Вагон жарылып, өрт қаупі төнгенде олар жан сауғалап жұмыс орындарын тастай қашады. Басқару пультінде жалғыз қалған Айман өрттің әрі қарай өршімеуі үшін барлық жағдайды өз қолына алып, өзі басқарып, станция басындағы жылжымалы құрамдарды жан-жаққа таратып, бұйрық берумен болады. Айналасы бірнеше сағаттың ішінде қаршадай қыздың батыл да сауатты іс-әрекетінің арқасында үлкен қопарылыстың алды алынып, жүздеген вагон жақын маңдағы разъездерге шығарылады.

«Станцияның жолды ашып-жабу бөліміне келсем, кезекші Айман Жұмашева басқару пультінде жалғыз қалғанын көрдім. Айман рация арқылы ашуға келетін жолдарды ашып-қосып, машинистерге бірінен соң біріне жолға шығып кетуге жан ұшыра бұйрық беріп шыр-пыр болып жатты. Қараңғы түн, айнала өрт, жанында ешкім жоқ қаршадай қыз төтеден келген қауіппен жалғыз арпалысып жатты. Сөйтіп, бір сағаттың ішінде 139 вагонды жан-жаққа таратып, өрттен құтқарып қалды. Әрине, алапат өртті сөндіруге өрт сөндіру пойызы, әскери қызметкерлер, жан-жақтан келген өртке қарсы күрес жауынгерлері жұмылдырылды. Бірнеше адамды күйік шалды. Бірақ, дәл өрт басталған сәтте Айманның барлық қозғалысты қолға алған батыл шешімі мен қайсарлығы болмағанда, өрт бүкіл станцияны жалмағаны былай тұрсын, бүкіл кентке жайылуы мүмкін еді» деп еске алады кейін оқиға куәгері болған желілік милиция қызметкері Қали Сәбиев.

Төтенше жағдайда ерекше ерлік көрсеткен Айманның таңғы жетіге дейін тілсіз жаумен арпалысқан еңбегі зая кетпеді, станция жойқын жарылыстан аман қалды, орны толмас көп шығынның алды алынды. Айман соңына дейін пульттен кетпей өз ісіне деген адалдығын дәлелдеді. Сол кезде ол небәрі 25 жаста еді. Ол 1960 жылы Мақатта теміржолшы отбасында дүниеге келді. 1979 жылы Гурьев темір жол техникумын бітіріп, Мақат станциясында станция кезекшісі, маневр диспетчері болып еңбек етіп, тәжірибе жинақтады. Тұрмыс құрды. Алайда, сол алапат өрт оқиғасы нәзік жан иесінің жүрегіне ауыр салмақ түсіргені сөзсіз. Ол кейін жүрек талмасынан қайтыс болды. Үлкен апаттың алдын алған ерлігі үшін ол қандай марапатқа да лайық еді, бірақ сол кездегі жүйе оны елеп-ескермеді. Жігіттің жігіті шыдайтын сын сағатта жауапкершілік жүгін арқалаған кішкене ғана қазақ қызының ерлігін ескерудің орнына оған тергеу органдары шүйлігіп, сотқа сүйреді. Ақыры нәзік жүрек шыдамады. Артында Назгүл, Гауһар есімді сүйкімді қыздары қалды. Олар бүгінде бой жетіп, Назгүл дәрігер болса, Гауһар сол анасының орнында отыр, диспетчер...

Тек 2007 жылы, арада 22 жыл өткен соң, сол жылдардағы Мақат станциясының бастығы, аудандық мәслихат депутаты болған Алтай Көбегеновтей азаматтардың ұсынысымен, мақаттықтардың қолдауымен Айман Жұмашеваға көше аты берілді. Аудандық ономастикалық комиссияның 11.12.2007 жылғы ұйғарымымен Мақат кентінің «Теміржолшылар» шағын ауданындағы жаңадан салынған көше қазақтың қайсар қызының атымен аталатын болды. Мақаттықтар Айманды ұмытқан жоқ, батыр қыздарын мәңгі мақтан тұтады.

*Суретті түсірген автор*



# Құттықтаймыз!

*ЖАҚАНОВ ҚАРАҚАТ ИСАҒҰЛҰЛЫ – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Маңғыстау ЖТ бөлімшесі» бас инженері (6 наурыз)*

*ҚҰРМАНБАЕВ МАЖЕТ ҚУАНДЫҚҰЛЫ – «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» Сексеуіл жол дистанциясының бастығы (8 наурыз)*

*ОҢҒАРБАЕВ ЕРБОЛ ҚАЖДЕНҰЛЫ – «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» директорының пайдалану жөніндегі бірінші орынбасары (10 наурыз)*

*АЛИШЕВ СЪЕЗБЕК ӘЛІПБАЙҰЛЫ – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Семей ЖТ бөлімшесі» директорының м.а. (10 наурыз)*

*ЕГІЗБАЕВ СӘРСЕНБАЙ – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Маңғыстау ЖТ бөлімшесі» бас есепшісі (10 наурыз)*

*ТӨЛЕУШИН ШЫҢҒЫС АМАНБАЙҰЛЫ – «KTZ Express» АҚ бас директорының операциялық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары (12 наурыз)*

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – «Шұбарқұдық жол дистанциясы» филиалының бұрынғы қызметкерлері, 2007-2013 жылдары басшымыз болған білікті теміржолшы Кеңес Жамековті 63 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз!**

*Кеңес Ермекұлы! Пайғамбар жасына толған туған күніңіз құтты болсын! Біз Сізді білікті де білгір, тәжірибесі озық, беделді маман ретінде құрмет тұтамыз және сыйлаймыз. Қарапайым адами тұлғаңыз сізді тек жолшылар ұжымының басшысы ретінде ғана емес, бірімізге аға, бірімізге бауырсынды жақын етті. Талай жасқа ұстаз болып, үлкен өмірге жолдама бердіңіз.*

*Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Көңіл-күйіңіз қашанда көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңсыз еркін жүзе беріңіз. Отбасыңыздан береке-бірлік, басыңыздан бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз!*

**Құрметпен, әріптестеріңіз.**

КОНКУРС

# ЛУЧШЕ ВСЕХ

**В Павлодарском отделении ГП прошел отборочный тур на конкурс талантов «Дара жол таланттары», который в начале года объявили в АО «НК «ҚТЖ». Творческое состязание приурочено 90-летию Туркестано-Сибирской магистрали. Павлодарское Прииртышье в финале представят два железнодорожника.**

Отборочный этап прошел на минувшей неделе в отделении грузовых перевозок. За путевку в финал боролись представители практически всех структурных подразделений. В состав жюри вошли председатель ПФ ОО «Казпрофтранс» Рафаил Сабаров, заместитель директора по экономике и финансам Павлодарского отделения ГП Динара Канатбаева, заместитель директора по экономике и финансам магистральной сети Канат Сатабаев. Специальным гостем стала заместитель руководителя по творчеству Павлодарской областной филармонии имени Исы Байзакова Лятипа Куракбаева.

Участники представили различные музыкальные номера. Кто-то выступал соло, другие объединились в вокально-инструментальный ансамбль. В итоге судейство решило, что Павлодарский регион в финале конкурса представят два железнодорожника, которые выполнили все требования творческого состязания. Это ведущий инженер технического отдела НЖС-3 Ирина Василевская и вокально-инструментальный ансамбль «Нечетный сборный», куда входят машинисты Павлодарского эксплуатационного локомотивного депо.

*Айдана ЕРТАЙ*

ПАМЯТЬ



# ЗНАМЯ, ПРОШЕДШЕЕ ВСЮ ВОЙНУ

**На железнодорожном вокзале Костаная состоялось торжественное мероприятие, посвященное встрече Знамени 151-й отдельной стрелковой бригады.**

Эта бригада была сформирована в Костанае в декабре 1941 года и прошла всю Великую Отечественную войну, завершив ее в Берлине в 1945-м. Все эти годы знамя бригады хранилось в городе Нур-Султане, в Национальном военно-патриотическом центре, где хранятся знамена всех соединений, сформированных в Казахстане. И вот в рамках акции «75 дней до Победы» по инициативе Министерства обороны РК прославленное знамя 151-й отдельной стрелковой бригады, а точнее его копия, прибыло в Костанай.

На вокзале его встречали железнодорожники, представители местного органа военного управления, военнослужащие национальной гвардии, пограничники, учащиеся военной кафедры Костанайского госуниверситета, ветераны и школьники. Знамя, прибывшее поездом Алматы – Костанай, встречали под звуки военного оркестра. Военнослужащие знаменной группы внесли знамя на площадь рядом с вокзалом, где и состоялось торжественное мероприятие. Торжественные речи для присутствовавших произнесли представители общественности, местного органа военного управления. Как они поведали присутствовавшим, на основе 151-й стрелковой бригады в 1943 году была сформирована 150-я стрелковая дивизия, чьи воины штурмовали рейхстаг и водрузили Знамя Победы. Всего из Костанайской области на фронт ушли 73,5 тысячи человек, больше половины из них не вернулось.

– Мы должны помнить и чтить их подвиг, – сказал помощник акима Костанайской области по вопросам военной безопасности и обороны подполковник Асылхан Мукушев. – И нужно, чтобы эти подвиги знало и чтило подрастающее молодое поколение. Прибытие знамени в Костанай – одно из тех мероприятий, которое должно напомнить молодежи о событиях той войны.

После торжественной встречи на железнодорожном вокзале знамя в сопровождении знаменной группы отправилось в музей боевой славы, расположенный в школе № 4, а оттуда отправится по всем районам Костанайской области, с тем чтобы вернуться в Нур-Султан к 7 мая и принять участие в праздничном параде.

*Аслан КУДАБАЕВ, Костанай*
*Фото автора*

МЕРЕЙ

# ГҮЛЖАЙНАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМАНДАСЫ

Бүгінде бесіктегі бөбегін де тербетіп, басшылық қыз-метін де қатар атқарып жүрген аналарымыз аз емес. Ақтөбедегі Жем вокзалының басшысы болып жүріп, бес баланың анасы атанған Гүлжайнат Мұстафина – солардың бірі.




**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
*Ақтөбе*

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Алтынды елді мекенінде туып өскен Гүлжайнат Мұстафина 39 жаста. Бес баланың анасы. Отбасы тіршілігімен шектеліп қана қоймай, әлеумет пен экономикада ер азаматтармен қатар жүр. "ҚТЖ" ҰК" АҚ-ның Ақтөбе магистральдық бөлімшесіне қарасты Жем вокзалының басшысы. Қарамағында 26 қызметкер бар.

«2006 жылы вокзал кезекшісі болып, алғаш теміржол саласына жұмысқа қабылдандым. Темірдей тәртіпті талап еткен саладағы үлкен жауапкершілікті бірден сезіндім. Бар ынтаммен берілген қызметті мінсіз атқаруға тырыстым. Жалпы мен жұмысты ауыр немесе жеңіл деп бөлмеймін. Сеніммен тапсырылған кез келген жұмысты мұқият орындауға тырысамын. Үш жылдан кейін вокзал басшысы қызметін атқару ұсынылды. Содан бері осы қызметтемін. Арасында бала күтіміне байланысты қысқа мерзімді демалысқа шығып тұрамын. Жолдасым мұнайшы», – деп күлді әзіл-шыны аралас Гүлжайнат Мұстафина.

Ол жолаушы тасымалымен байланысты мазасыздау жұмысын жақсы көреді. Өзін бейнебір үлкен қонақжай шаңырақтың иесіндей, ал қызметкерлері қамқор ананың балаларындай сезінеді екен. Келіп кетіп жатқан «қонақтардың» риза болып аттанғаны біздің жұмысымыздың нәтижесі дейді. Ал жұмыстан тыс кезде өзге аналар секілді бос уақытын балаларымен бірге өткізгенді ұнатады. Жұмыстан кейін ас үйдегі шаруаны дөңгелетіп, жолдасы мен балаларының бабын табуға тырысады.

9-сыныпты бітірген үлкен ұлы анасының жолын қуып, теміржол колледжіне оқуға түскен. Үйдің кенжесі 1-сыныпта. Ортадағы үш қыздың екеуі егіздер. Отбасы – ауылдағы «жұптары жарасқан жанұя» атанған шаңырақтың бірі.

«Менің жолымда үнемі жақсы жандар кезікті. Ұжымыма дән ризамын, алғысым шексіз. Жасы да, жасамысы да ортақ іске келгенде жанын салатын адал жандар. Мұндай сенімді ұжыммен тау қопаруға болады. Құдай қосқан қосағым да бағыма жолыққан жан. Ол кісі балаларымның әкесі ғана емес, жанашыр досым. Еңбекте табысқа жетуіме мені қолдап, ақылын айтып отырған өмірлік серігімнің ықпалы көп. Өміріме ризамын. Үйде береке болсын десеңіз, еш уақытта "тақ" таластырмау керек. Әйелдің аты – әйел. Қысқасы, жұмыста басшы болғаныммен, үйде қосшымын. Және одан ұтылып жүргенім жоқ", – деп сыр бөлісті Гүлжайнат Мұстафина.

Үйдегі мен түздегі шаруасын қатар үйлестіріп отырған көпбалалы ананың өмір жолы көпке үлгі емей, не?!

*Суретті түсірген автор*

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ

# В ГОСТИ К ДЕТЯМ

**Целая делегация железнодорожников приехала в гости к своим патронажным детям в Детскую деревню Усть-Каменогорска. Они привезли им подарки, но и ребята не остались в долгу – подготовили концерт и угощения.**

– Поездка в Детскую деревню посвящалась Дню благодарности, –рассказала представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева. – В составе делегации, кроме меня, были руководители Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, Защитинской дистанции сигнализации и связи, Оскеменского эксплуатационного вагонного депо, а также председатели профсоюзных комитетов.

Помимо железнодорожников, в Детскую деревню приехали представители и других предприятий, организаций Восточного Казахстана, которые участвуют в областном Комплексном плане мероприятий по поддержке детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. Среди них – судейский корпус, банки, промышленные предприятия, субъекты малого бизнеса. Традиционно все прибыли не с пустыми руками. Это стало традицией – поздравлять своих патронажных детей с праздниками и дарить им подарки.

*Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск*

2020 – ВОЛОНТЕРЛАР ЖЫЛЫ

# «МЕН – ДОНОР» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

**Ақмола жүк тасымалы бөлімшесінің қызметкерлері «Мен – донор» волонтерлар акциясына қатысты. Олар астаналық трансфузиология орталығына барып, қандай да бір адамның өмірін құтқару үшін қан тапсырды.**

Яғни, теміржолшылар елорда ауруханаларының емделушілері үшін қан тапсырған болатын. Бұл акция «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның «#2020БЛАГОродныхделКТЖ» и «#порельсамдобра» әлеуметтік жобалары шеңберінде ұйымдастырылып отыр. Теміржолшылар алдымен терапевт тексерісінен, сондай-ақ, қан тобын анықтау үшін алдын ала лабораториялық зерттеулерден өтті. Астаналық локомотив пайдалану депосының кадрлар жөніндегі менеджері Венера Қалмаханова – 8 жылдық өтілі бар донор. Осы уақыт ішінде ол үш литрден асатын қан тапсырыпты.

«Біз қан тапсыру арқылы біреудің өмірін құтқарып қалуға септігімізді тигіземіз. Қайырымды іске өз үлесімді қосып жатқаныма қуанамын», – дейді ол.

Теміржолшылар өз әріптестері арасында қан тапсырып, донор болуды белсенді насихаттап келеді. «Мен – донор» акциясын бүгінде семейлік болат магистраль қызметкерлері іліп әкетіп, жалғастыруда.

*Нұрбек БЕКЕН*

**В ДЕПАРТАМЕНТЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ» ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА РАБОТАЕТ ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ 60-63-08.**